Акмеология – бұл кәсіби шеберлік туралы ғылым. Антикалық дәуірде «акмені» жанның шығармашылық қалпымен байланыстырыған. «Акмені» тәрбиелу үшін адамның шығармашылық кәсіби дайындығы керек. Сондықтан окушылардың кәсіби өзіндік жетілу бағдарламасына кәсіби іс-әрекет үрдісінде туындастын, құйzelістік жағдайларда женуге қабілетті жеке тұлғаның психологиялық беріктігін тәрбиелу, кәсіби маңызды қасиеттерді өзіндік дамыту, өте қын жағдайларда білімін тиімді қолдану шеберлігі кіреді.

Заманауи жағдайда педагогикалық акмеологияны өздіксіз білім беру үрдісінде адамның әрбір жас кезеңдерінде, мектеп, әскери институт, Магистратура, PhD докторантурасы және ересектерді оқыту, сондай-ақ білім сапасын сәйкес деңгейге көтеру үшін бұл ғылымның тұжырымдамаларын қолдану мүмкіндігін қоса отырып, оның біртұтас дамуының жоғары жетістіктерінің заңдылықтары туралы ғылым ретінде қарастыру қабылданған.

Акмеология ғылыми білімнің жаратылыстану, қогамдық, гуманитарлық және техникалық түйісінде пайдада болған. Ол адамның әр жас кезеңдерінде, индивид ретінде (тірі ағза қалыптасқанда) орта және кеш жас кезеңдерінде, жеке тұлға ретінде (бұл жағдайда ең алдымен шынайылықтың әр бағытына қатынасын игеру қарастырылады) және іс-әрекет субъектісі ретінде (ең бастысы маман ретінде) қалыптасуын мақсатты түрде және бірізді феноменологияны, заңдылықтар мен механизмдерін анықтауды қарастырады.

А.А. Деркач және Н.В. Кузьмина жеке тұлғаның ең басты жүйесін қараушы факторы, іс-әрекет субъектісі ұмытылатын, алған нәтиженің бейнесі деп есептейді. Оған жетістіктерінің қажеттілігі, аталған бағыттағы қозғалыс шегін талдау, оны алуға көмектесетін және кедергі келтіретін себепті іздеу, жеке тұлғаның кәсібілігін қалыптастырады [3; 203].

Айтылғандардан, акмеологияның зерттейтін маңызды аспектісі кәсібілікпен және шығармашылықтың қатынасы деген тұжырымға келуге болады. Акмеология жеке тұлғаның шығармашылық жарқырауының төмендегідей категорияларын: өзіндік даму және өзіндік жетілу үрдісі, шығармашылық даралық, креативті тәжірибе өзіндік өзектенудің нәтижесі ретінде бөледі.

Акмеология нысаны еселеу кезеңінде дамушы жеке тұлға, ал акмеология пәні – кәсібіліктің шынына жетуге, мамандардың шығармашылықта ұзақ жасауына, сондай-ақ курсанттарды кәсібілікке оқытудың заңдылықтарына, олардың іс-әрекетін түзету мен жетілуіне себеп болатын объективті және субъективті факторлар. Объективті факторларды алынған білімнің сапасы деп есептейміз, ал субъективті факторлар адамның таланты мен қабілеті, оның жауапкершілігі, құзіреттілігі, өндірістік міндеттерді тиімді шеше алуы болып табылады. Кәсібіліктің шынына жетуді негізгі фактор ретінде дарындылық, қабілеттер, талант, жанұялық тәрбие шарттары, оку орындары, өзіндік қозғалыс белгілерін қарастыруға болады. Курсанттардың креативті ойлауын дамытуға бағытталған оқыту технологияларын жасау кезінде жоғарыда айтылғандарды міндетті түрде ескеру керек. Бұл адамның әртүрлі қасиеттері: «индивид», «жеке тұлға», «субъект», «даралық» және өзінің өзара байланысы мен өзара әрекеті ретінде оларды ашатын олардың даму ерекшеліктері. Бұл кәсіби өмірге қосылған адамның кәсіби өмірі мен іс-әрекеті, оның қоғам үшін жасаған еңбегі, оның маман ретінде іс-әрекеттің әртүрлі саласындағы дамуы.

Акмеологияда ғылыми зерттеудің өзекті бағыты таным, еңбек, қатынас пен басқару субъектісі ретінде адамның жоғары сатыға дамуының кәсібілігін зерттеу болып табылады. Акмеология адамның әртүрлі саладағы іс-әрекетінің кәсібілік көрсеткіштерін анықтайды.

Осылан байланысты, акмеологияның пәндік саласы бірқатар ғылымдарды әртүрлі жіктеуді көрсетеді, бірақ бұл жерде жалпы ғылыми (жеке тұлғаны; интелектіні; арнайы қабілеттерді диагностикалау тесттері; жеке тұлғаның кәсіби қозғалысын эксперттік бағалау және т.б.) және зерттеудің арнайы әдістері (түзеушілік және дамытушылық әдістер мен технологиялар; бейнетренингтер процедурасы; әлеуметтік және кәсіби ойлау мәдениетін қалыптастыру технологиясы; таланттарды психологиялық қолдау; дара және қоғамдық санаға ықпал ететін тәсілдерді оқыту және т.б.) қолданылады.

Білім беру жеке тұлғаның қалыптасуында жетекші орын алатынын ескере отырып, болашақ маманың қалыптасуында маңызды рөл атқаратын, бірлікте оқытудың заманауи технологиясын жасап және тәжірибеде қолданып, оку үрдісін жетілдіретін, курсанттармен әріптес болатын оқытушыға беріледі. Оқытушы әрбір курсанттың оку іс-әрекетін психологиялық қолдаумен қамтамасыз етуі керек. Бұл оку үрдісінің барынша тиімділігін қамтамасыз ету үшін мақсатты түрде дара және топтық тестілеу, тренинг және кеңес беру жүргізуі тиіс. Әскери институтты бітірген соң кәсіби және әлеуметтік мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешу қажет болатын офицерге еліміздің әртүрлі өнірлерінде қызмет атқаруға тұра келеді.

«Акме» термині жариялышың зерттеулерде ересек адамның дамуы туралы бір мағынада қолданылмайды. Бір жағдайларда авторлар «акме» туралы ол адам деңсаулығының шыңы немесе оның жеке тұлға ретінде даму шыңы, немесе адам субъект ретінде қандай да бір іс-әрекетпен айналыса отырып, өзі үшін жогары нәтижеге жетуін айтады. Бұнда адамның «акмеге» жетуі аз уақыт аралығымен шектелу болып қалады.

Зерттеушілердің басқа тобы «акме» мәселесін қарастыра отырып, ересек адамның жогары деңгейдегі жұмысқа қабілеттілігінің ұзак уақытқа сақталуын айтады. Ол жеке тұлға ретінде белсенді және сонымен бірге өзі үшін ең басты кәсіби іс-әрекетте өзінің кәсіби қуатын шығармашылықты және өнімді жузеге асырады.

Онтогенездің алдыңғы сатыларында қалыпты деңгейде қалыптасқан есеодің бұл сатысында адам өзін шынашылықпен бай тұрғыда байланыстырған ақыл тоқтатқан жеке тұлға ретінде көрсетеді. Ересек адам өзінің даралық, жеке тұлғалық және субъектілік дамуында көтерілетін биігін, бұлғылыми мектептің өкілдері кульминация немесе кейде оптимум деп атайды.

Еселе, білім беру сапасының критерийі ретінде, оның нәтижесін бағалау білім беру ортасында өсуші адамның тұгастай дамуы, оның индивид, жеке тұлға, өмір іс-әрекеті мен даралықтың олардың өзара байланысының субъектісі ретінде қалыптасу мақсатына қатысты болуы мүмкін.

Акмеологияның адам туралы қалыптасқан ғылымдарға алғашқы қатынасы, ол адамның барлық өмірлік және кәсіби жолдарын зерттеумен аяқталады. Бұнда ең маңыздысы акмеология кәсіби іс-әрекеттің (теріс стереотиптерді жою және жағымдыларын қалыптастыру тәсілдері, кәсіби міндеттерді шығармашылықты шешуді қамтамасыз ету) жетілуі мен түзету мәселелерін зерттейді. Акмеология адам кәсібіліктің шыңына өзі жетеді деп тұжырымдайды.

Кәсібіліктің өзіне тән жасырын қарама-қайшылықтары болады. Жаңашылдық іс-әрекет құрылымы рефлексиясы үшін шығармашылық пен кәсібіліктің өзара қатынасын қарастыру үлкен мәнге ие. Бір жағынан, офицер мамандығын басқалардан ерекшелендіретін жіктелу белгілері, оны сақтамау адамды кәсібілік имиджінен айыратын талаптар жүйесіне әкеледі. Екінші жағынан, тапсырманың күрделілік деңгейі негұрлым жогары болса, соғұрлым шеберліктің акмеологиялық сипаттамасы жақын, соғұрлым жаңашылдық қалыптасу, нормадан асып түсуге ұмтылу, «жалпы қабылданғанға» сәйкес келмейтін өнімдер мен жұмыс тәсілін тудыру жиі көрінеді. Курсанттардың басымдық көрсететін биіктікке жету негұрлым жақын болса, соғұрлым ол норманы «сақтамаушылықты» көп көрсетеді және бұған басқа адамдардың көбісін «терістеуге» тартады.

Болашақ ескери-кәсіби қызметінде курсанттардың даралық формасына тоқталу керектігін ескеруіміз керек. Ғылыми еңбектерде көрсетілгендей, жас ерекшелік психикалық даму адамның өсу шегі бойынша жас ерекшелік даралығымен сипатталады. Даралану дамудың ерекше формасы болып табылады. Оқыту үрдісінде оқушылардың даралану үрдісі келесідегідей формада: даралық айырмашылық кәсіби мінез-құлық пен іс-әрекетте фрагменттік немесе эпизодтық пайда болудың ұқсамайтындығы ретінде; даралық стиль кәсіби іс-әрекетте ұзак уақыт бойы сақталуыш ретінде, кәсіби іс-әрекеттің тәсілдері мен міндеттерін дара тұрде ескеруде; даралық окуда, дара кәсіби дүниетанымда курсанттың жеке тұлғасының қайталанбастиғының, өзгешелігінің көрінуі, жеке тұлғаның кәсіби типінде даралық вариантың жиілігінде көрінеді.

Қызметтің нақты кезеңінде офицер кәсіби іс-әрекетінің даралығы қалыптасады. Даралықтың бірнеше түрлерін: қайталанбас, біртұтас, қатысты тұйықтық пен дербестік, сыртқы орта үшін ткізбестік, өзіндік толымдылық, белсенділік және шығармашылық деп білуге болады. Осыған байланысты «шығармашылық даралық» термині пайда болады.

Шығармашылық даралық кәсіби шығармашылықтың жогары сипаттамасы ретінде көрінеді. Ол өзіне: интеллектуальдық-шығармашылық бастаманы; интеллектуальдық қабілетті, білім кеңдігі мен терендігін; қарама-қайшылықты сезіштік, ішкі жасампаздық қүрестерді сезінуге қабілеттілік; ақпараттық аштық, кәсібілік мәселелегі ерекше жаңаны сезу, тануға ұмтылуды қосатын жеке тұлғалық категория болып табылады.

Шығармашылық даралықты жүзеге асырудың негізгі қызметін төмендегідей бейнеде: қоғамдық мәнділіктің критерийін анықтайдын мәдениетті толықтыру; педагогикалық үрдіс пен жеке тұлғаны қайта жасау; өнімділік және мәнділік критерийлері бойынша анықталатын жаңа технологияларды табу; жеке тұлғаның өзіндік көрінуі, өзіндік анықталуы негізінде өзіндік даму деп анықтауға болады.

Курсанттың креативті ойлауын дамыту – бұл жеке тұлғаның қайта жасалуы мен өзіндік дамуының қозғалмалы шығармашылық үрдісі. Шығармашылық даралықтың ортасы басқалармен салыстырғанда өзін қайталанбас жеке тұлға ретінде сезінүү; өзі туралы креативті ой толғауы мен көрінуінің жиынтығы; даралық креативті ерекшеліктердің ішкі бірлігі, біртұтастығы мен

ырғактылығы; жеке тұлғаның жеке өзіндік даму үрдісінің қозғалмалылығы мен өздіксіздігі және өзінің жасампаз ретінде қалыптасуы.

Адамның есею белгісін анықтайдын сипаттамаларының барлық жиынтығының дамуын қарастыруда, акмеология есеюді және «акме» одан тар, адамның мамандықты игеруін, олардың шеберліктің ең жоғарысына жетуін ғана талдайды. Қесібіліктің мәніне жету, оған аппаратын жолдарды көру және түсіну, тек қана теориялық емес, тәжірибелік мәні бар екені түсінікті.

Педагог іс-әрекетінде кейде қарапайым тәсілдер мен әдістер мәселе мен тапсырмалардың шынайы және жаңа шешімін бере алмайтын сәттер болады. Бұндай жағдайда, шынайылықты қамтамасыз ететін талдау, болжай, өзіндік бағалау механизмдерін қосады, жаңа әдістер мен тәсілдерге жүгінеді. Дамыған креативті қабілеті бар адамдар қызыншылықтарды жеңіл жеңеді. Жетістік нәтижесінің жемістілігі көбінесе жеке тұлғалық қасиеттер: жұмысқа қабілеттілік, ұйымдастырушылық, мүмкін болатын қобалжуды шектеу шеберлігі, нақты жағдайларда келісімге өтеді, нақты тұжырым беруде сақтық, оку үрдісінің басқа қатысуышылармен шектік бірігу арқылы анықталады.

Ресей психологиясы мен педагогикасында жеке тұлғаның кәсіби даму мәселесі бірнеше ғылыми тұғыр бойынша зерттеледі.

**Бірінші тұғыр** мамандықтың психологиясының ғылыми негізін жасаумен байланысты. Бұл тұғырды зерттеу тұлғаның кәсіби өзін анықтау, кәсіби жарамдылық, кәсіби іріктеу мен дайындық, кәсіби біліктілік ретінде маңызды психологиялық категориялардың мәні мен мазмұнын ашуға мүмкіндік берді.

**Екінші тұғыр** әртүрлі кәсіби іс-әрекетте жеке тұлғаның дара-психологиялық ерекшеліктері мен нақты қасиеттерін тікелей зерттеумен байланысты. Атальған тұғырдың шеңберінде маман үшін маңызды креативті ойлауды қалыптастыру мен дамыту тұжырымдамасы жасалды. Бұл маманың кәсіби іс-әрекетке тікелей қосылған және оның тиімділігін арттыратын сапалары арқылы түсіндіріледі. Бұлар адамның жалпы соматикалық (конституциялық), нейродинамикалық қасиеттері, психикалық үрдістер мен функциялар ерекшеліктері, жеке тұлғалық сипаттамалары (қабілеттер, бағыттылығы, қызығушылықтары) болып табылады. Психологиялық маңызды қасиеттерді дамыту, іс-әрекеттің тиімділігін мен сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

**Үшінші тұғыр** кәсіби шеберліктің психологиялық негізін жасаумен байланысты, психологиялық енбектің бір тұғыры ретінде қарастырылады.

**Төртінші тұғыр** – акмелогиялық, бұл дегеніміз акмеологиялық заңдылықтарды және кәсібіліктің даму детерминанты және ақыл тоқтатқан жеке тұлғаның қалыптасуын анықтайдын заңдарды шығарумен байланысты.

Б.Г. Ананьевтің ғылыми мектебінде онтогенезде адамның даму үрдісінің барлық құраушыларының көріні адамның бір жастық кезеңнен басқасына өту кезінде оның психикасы мен ішкі әлемінде болатын өзгерістерді бақылайтын кешенді бағыт қолданылады. Бұл өзгерістердің себептерін тереңірек түсіндіру үшін психологиямен шектес ғылыми пәндердің мәліметтері тартылады. Бұнда өзінің алдағы жас кезеңдеріндегі микроакмеге жетуі арқылы өтетін ересек адамның өзінің үлкен «акмесінен» немесе оптимумына қарай бағытталуы сөз болады. Ал үлкен «акме» барлық өзінің сипаттамасы арқылы көптеген объективті және субъективті шарттар мен жағдайлардың өзара әрекеті нәтижесі ретінде көп бағытты және көп деңгейлігі көрсетіледі. Адамның өзінің өмірлік шығармашылығы акмелогияның басқа – жаратылыштану, қоғамдық, гуманитарлық және техникалық ғылымдармен тығыз бірлестікте қарастырылады [4; 138].

Қазіргі уақытта, жалпы акмелогиядан бөлек, адамның кәсіби қалыптасуы мен дамуы міндеттерімен байланысты үнемі көп аспектілі сипаты бар нақты қызмет саласында акмелогияның басқарушылық, педагогикалық, әскери, спорттық тармақтары қалыптаса бастады. Әскери институт курсанттарының креативті ойлаудың дамытудың психологиялық-педагогикалық үлгісін жасауда педагогикалық акмелогияға сүйенеміз.

Психологиялық-педагогикалық ғылымдардың заманауи жетістігі, жаңа білім берушілік және ақпараттық технологиялар, қолданылатын акмелогиялық тұғыр әскери мамандардың үздіксіз кәсіби білім алу үрдісін қамтамасыз етеді. Акмелогиялық түсініктер жүйесінде креативті іс-әрекет пен мамандықтың ұзартылған субъектісі болатын жеке тұлға қасиеттері ретінде көрінеді.

Акмелогияда іс-әрекет субъектісі қағидасын талдай келе, оның негізінде жеке тұлғаның бір жағынан шығармашылық шарты болып табылатын, мамандықта толығырақ көрінің және қанагаттандыру жолдары көрсетіледі. Ал басқаша – ол басқа салалардан алған білімін қолдана отырып, әртүрлі кәсіп мамандарын және іс-әрекеттің жоғары әлеуметтік, кәсіби тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Акмеология үшін іс-эрекеттің маңызды субъективті-тұлғалық сипаттамасының қатарында «кәсібілік» түсінігі бар.

Егер әңгіме адамның жоғары кәсібілігі туралы болса, онда онымен тек қана креативті ойлауды дамытуға емес, іс-эрекеттің нақты саласы бойынша терең және кең білім, сонымен бірге оны жемісті орындауға қажетті ерекше шеберлікті игерумен байланысты болады. Әрине нағыз кәсібілік аталған іс-эрекетті жүзеге асыруға қажетті күшті және берік мотивациялық-эмоциялық оқталумен және онда ерекше, қалыптан тыс нәтижелерге жетуге әрқашан жүктелген.

Өйткені әскери институтты бітірген соң офицер техникалық қана емес, басқарушылық лауазымдарды да атқарады, және қызметті атқару барысында ол қалыптан тыс мәселелерді шешумен кездеседі. Л.Г. Лаптев әскери мамандарды басқарудың тәжірибесінде алғаш рет тұтас зерттеушілік-дамытушылық технологияны қолданды [5; 122]. Кәсіби іс-эрекетті оңтайландыруға кәсібіліктің барлық кешендерін: мақсаттық жоғары әскери-кәсіби дайындық; қайта дайындау және біліктілікті көтеру; әскери-кәсіби өзіндік жетілу; әскери қызметтің дамушы мүмкіндігін және әскери еңбекті өзіндік акмеологиялық құптауды қолдануды қарқынды қосу есебінен жетуге болады. Қөптеген дәстүрлік және жаңашыл құраушыларды (шартты түрде технологиялар деп аталатын) әскери мамандардың басқарушылық қызметтің оңтайландырудың тиімді қалыптастыруды берді. Басқару – ең алдымен қойылған максатқа жету үшін субъектінің іс-эрекеттің ынталандыру мен реттеу. Білім беру жүйесін құрылымдаудың түсініктік мақсаты оқытушы мен курсанттың шығармашылық және орындаушылық іс-эрекеттің реттеуге, сәйкес келетін мақсаттың нәтижесіне жетуге бағытталған олардың біріккен іс-эрекеттің ұйымдастырудың қызметті етеді.

Акмеологияның негізгі ғылыми және тәжірибелік қызығушылығының саласы көп жоспарлы. Ал оның шынайы кеңістікті-уақытты координатын нәрселеік өлшеудің төмендегідей векторлық: адамның индивид, іс-эрекет субъектісі, жеке тұлға және даралық ретінде өзіндік макро сипатты бағыттары бар. Топтық әлеуметтік субъектілерді қоғамдық мәнді құрылымдаудың механизмдері, шарттары және факторлары анықталады. Әлеуметтік субъектінің мәнді өмірлік іс-эрекеттің байланыстары қоғамдық мәнді іс-эрекет, өмірлік қатынастар, шығармашылық өзіндік даму; кәсібілік әлеуметтік-іс-эрекет контекстінде толық қосылу негізі ретінде; өнімдік үлгілер, алгоритмдер мен технологиялар жиынтығын көрсететін шығармашылық адам қуатын қолдану мен дамытудың тиімді «паттерндері», акмеологияның шығармашылық бірліктегі онтогенезі және т.б. болып табылады.

Әскери институт курсанттарының креативті ойлауды дамыту модельін жасау кезінде тұлғалық-кәсіби дамудың факторлары: іс-эрекеттің нақты түрлерінің мәртебесін көтеру, жеке тұлғаның әлеуметтік статусы мен құқықтық қорғалуын жоғарылату, тұлғалық-кәсіби сапаларды дамыту, іс-эрекет стилін жетілдіру, даралық және авторлық даму бағдарламаларын және психологиялық-педагогикалық шарттарды қабылдауға баса назар аудару керек.

Психологиялық-педагогикалық пәндердің оқытуудың дәстүрлік модельінің кезеңдеріне қарай отырып, тақырыптық жоспарларға сүйеніп, сабактың негізгі мақсаттары курсанттардың тәрбиесін, білімін, дағдысын қалыптастыру мен дамытуға бағытталғанын көруге болады. Бұл пәндердің оқытуудың ақырығы кезеңінде курсанттар ғылыми мақалалар, ғылыми зерттеушілік жұмыстар мен жеке құраммен жұмыс істей алу шеберлігін игеруі керек. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар көрсеткендегі тапсырмаларды креативті қабілеттері жоғары және жеткілікті дәрежеде дамыған курсанттар аталған қабілеттер нашар дамығандармен салыстырғанда жемісті орындаған. Ал тақырыптық жоспарларда бұл пәнді оқудағы мотивацияны жоғарылататын психологиялық-педагогикалық пәндер құралдарын, оқытуудың белсенді әдістерін қолдану арқылы курсанттардың креативтілік қабілеттерін дамыту туралы ешқандай сөз қозғалмайды.

Шығармашылық жобамен жұмыс жасай отырып, курсанттар өздерінің креативті қуаты мен маманның рефлексиялық мәдениетін дамытады. Шығармашылық жұмысты қорғау ереже бойынша соңғы сабакта жүргізіледі. Әскери институтта курсанттардың креативті ойлауды дамытудың модельіне сүйенетін оқыту технологиясы маманның нақты кәсіби қызметті жемісті жузеге асыру үшін білімнің теориялық қоры бар кәсібілік және басқарушылық іс-эрекеттеге жалпы дайындығын назарда ұстайды. Жинақталған білім, білік және дағдыны жүзеге асыру тәсілі, олардың тәжірибелік қолданылуы білім, білік және дағды жинақтаудың қуаттық жылдамдығы, оларды іс-эрекет мазмұнның өзгерісінде тәжірибеде қолдану немесе оның жүзеге асу шарттары бірден-бір маңызды фактор болып саналады.

Акмеологиялық бағыт әскери институттарда курсанттардың креативті ойлауды дамытуды талдауда жеке тұлғаның даму заңдылықтарын ойлауға, дара және шығармашылық бастауды қатыстыруды, әрекетті рефлексивті орындауға ынталандыруды, пәнді оқу үшін мотивацияны көтеруге мүмкіндік береді.

### **Әдебиеттер**

1. Деркач А.А. Акмеология: личностное и профессиональное развитие человека. Книга 2. Акмеологические основы управленческой деятельности. - М., 2000. – С. 45.
2. Лебедев С.А. Философия науки : слов. основных терминов / С.А. Лебедев. – М.: Акад. проект, 2004. – 316 с.
3. Кузьмина Н.В. Профессионализм деятельности преподавателя и мастера производственного обучения. - М., 1980. – 154 с.
4. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. - Л.: ЛГУ, 1968. – 339 с.
5. Бодалев А.А., Деркач А.А., Лаптев Л.Г. (ред.) Рабочая книга практического психолога: пособие для специалистов, работающих с персоналом. – М.: институт психотерапии, 2006. – 629 с.

**Кушибаева Р.Г., Джумажанова Г.К.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

## **ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Елдің экономикалық қуаттылығын дамытуда бәсекеге қабілетті кәсіби мамандар даярлау міндеттерін жүзеге асыратын бірден-бір күш жоғары оқу орындары болып табылады. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында: «...білім беру сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. Еліміздің жоғары оқу орындары алдыңғы қатарлы әлем университеттерінің құрамына енуге ұмтылуы тиіс» - деп [1], жоғары оқу орындарының басты мақсаты – әлемдік стандарт деңгейінде білім беру, дүние жүзілік деңгейге көтерілетіндегі баспалдақтардан өтуге бағыт берумен қатар, студенттерге қоғам талабына сай жоғары кәсіби біліктілік пен құзыреттілігін қалыптастыру ұсынылған.

Отандық ғалым, профессор Б.А. Тұрғынбаева «...өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алын – құзырлылықтар деп атайды» деп анықтаған [2], ал, Б.С. Гершунскийдің пайымдауынша «кәсіби педагогиканың бұл ерекшелігінде әрбір адам бірте-бірте баспалдақпен көтеріліп, тұлға ретінде қалыптасады. Бұл баспалдақтың мынадай табалдырықтары бар: жалпы және функционалдық сауаттылық – кәсіби құзырлылық – мәдениет – менталитет» [3]. В.В. Краевский бойынша, «құзыреттілік» және «құзыр» ұғымдары абстрактілік пен нақтылық диалектикалық категорияларының арақатынасы, яғни құзыр – бұл жүзеге асырылған құзыреттілік, яғни іс-әрекеттегі құзырлығы [4]. Бұл құзыреттіліктер: негізгі немесе тұғырлық және кәсіби болып екіге бөлінеді.

Білім беруде тұлғаның негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталуы оны ұйымдастырудың құзыреттілік бағытын анықтап отыр және ол қазіргі білім беру жүйесінің әдіснамасында нақты білімділік процессуал негізі ретінде танылуда. Жоғарыдағы концепциялардың негізгі тұжырымы осы «тұжырымдаға» негіз болды деген қорытынды жасауға болады. И.В. Роберт білім саласының қазіргі жағдайын саралай келіп, қоғамдық сұранысқа сәйкес жоғары оқу орнын бітірген мамандардың кәсіби дайындығында төмендегідей бірқатар тенденцияларды бөліп көрсеткен:

- жеке тұлғаның кәсіби әлеуеті және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндігін өзінің тұлғалық сапаларын жүзеге асыруға, жалпы адамзаттық құндылықтарды, болашақ мамандар өзінің дамуы үшін білім саласында жаңа ізденістер мен жаңа жолдарды гуманизациялық тұрғыда қарастырады;

- болашақ мамандар даярлауға қойылатын талаптар оның кәсіби білімі мен жалпы дайындық деңгейіне ғана емес, оның шығармашылық қабілетінің дамуы мен интеллектуалдық әлеуетіне де тікелей байланысты;

- нарықтық экономика жағдайында адам еңбек нарқында белсенді рөл атқарады. Өзінің тұлғалық тауар ретіндегі басты сапалық капиталы болып табылатын – құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, біліктілік және осы біліктілігі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ол еңбек нарқында еркін таңдауға ие болады, демек өмірде үлкен сұранымға ие болады;

- нарықтық экономика жағдайында адамдар үнемі өзгерістегі жағдаяттарға байланысты кейбір жағдайда қысқа мерзім ішінде жаңа мамандықты менгеріп шығады [5].

«Кәсіби құзыреттілік» ұғымына қазіргі таңда бірнеше көзқарастар бар екені белгілі, ол көзқарастар бірнеше бағыттарды қамтиды.

Бірінші бағыт – «кәсіби құзыреттілік» ұғымының жеке тұлғаның дамуы, оның білімділігі мен тәрбиелігінің нәтижесі болып табылатын «мәдениет» ұғымымен тығыз байланысты. Ю.Г. Фокин «құзыреттілік» түсінігін адам танымының, практикасының жаңаңықтарының мазмұндарымен ассимиляциялау арқылы байланыстырады, сонымен коса білім беру жүйесінің әр типі, саласы мен сатысы үшін білім беру талаптарын анықтауға болатын перспективалық сипат беріледі. Ол мәдени құзыреттілікті үш аспектінің жиынтығы ретінде қарастыран: мағыналық (жағдайды дұрыс түсінумен деген мағынада тұрады), проблемалық-практикалық (жағдайды дұрыс анықтай білуді, арнағы жағдайда мақсат, міндет, нормаларды дұрыс қойып, оларды тиімді орындауды қамтамасыз ету); коммунитативтік (дұрыс қарым-қатынаска түсе білуге, қарым-қатынастың және өзара әрекеттесудің тиісті мәдени үлгілерін ескеретін жағдайларға назар аудару) [6]. Ал ғалым Е.В. Бондаревская да кәсіби құзыреттіліктің мәнін анықтау үшін «мәденилік» түсінігін арқау еткен. Мәдениет – маман іс-әрекетінің және кәсіби қызметінің тәсілдері, құндылықтарының динамикалық жүйесі болып табылады [7].

Екінші бағыт – кәсіби құзыреттілікті қасиеттер мен шеберліктердің жүйесі ретінде түсініп, оны тұжырымдағандар. Б.Т. Лихачев кәсіби құзыреттілікті философиялық, психологиялық, әлеуметтік, мәдени және жеке тұлғалық мағынадағы аспектілерден тұратын жүйе ретінде түсіндірді. «Адам – адам» жүйесінде қызмет атқаратындардың кәсіби құзыреттілігі тек базалық (ғылыми) білімдерімен және шеберліктерімен ғана емес, маманның құндылық бағдарлығымен, іс-әрекеттерінің дәлелдігімен, дүниеде өзін және өзінің айналасындағыларды түсінуімен, өзі жұмыс істейтін адамдармен қарым-қатынасының стилімен, ортақ мәдениетімен және өзінің шығармашылық потенциалын дамытуға деген қабілеттілігімен анықталады. Сонымен, зерттеліп отырған ұғымының кәсіби білім мен шеберліктерді менгеруі, әлеуметтік ортадағы құндылық бағыттары, тілі мен қарым-қатынасы стилінде байқалатын мәдениеті, мұғалімнің өзіне, практикадағы іс-әрекетіне және оны жүзеге асыруға деген көзқарасы сияқты көрсеткіштерін анықтауға болады.

Үшінші бағытта – кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуын кәсіби дайындықты ұйымдастыру мәселесінен бөліп қарастырады. Бұл бағыттағы зерттеушілер кәсіби құзыреттілік мазмұнына біртұтастық элементтерін беріп, қандай да бір жиынтықты құрайтын инварианттық және вариативтік бөліктерді біріктірген. Инварианттық яғни, міндетті бөлігі философиялық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік ғылымдар саласындағы іргелі білімді, оку және аудиториядан тыс іс-әрекеттердің әр түрлі формаларын ұйымдастыру саласындағы технологиялық білімдерді, кәсіби және педагогикалық шеберліктерді құрайды. Вариативтік бөлігі студенттің ғылыми дайындығы жөніндегі ерекшеліктерін және оның жеке қызығушылығы мен бейімділігін қарастырады.

Төртінші бағыт – «кәсіби құзыреттілік» пен «кәсіби іс-әрекетке деген дайындық» түсініктерінің ара қатынасын орнатуға негізделген бағыт. «Кәсіби іс-әрекетке деген дайындық» категориясы түсінігі психологиялық-педагогикалық әдебиетте бір мағыналы емес: қырағылық жағдайы; педагогқа деген кәсіби шартты талаптар жиынтығы; күрделі құрылымды білім беру; кәсіби маңызды қасиеттердің, себептердің, құзыреттіліктің, шеберліктің жүйесі; кәсіби құзыреттіліктің мағыналық компоненті; кәсіби маңызды қасиеттердің, себептердің, құзыреттіліктің, шеберліктің жүйесі; кәсіби құзыреттіліктің мағыналық компоненті; кәсіби дайындықтың нәтижесі ретінде қарастылады.

Бесінші бағыт – кәсіби құзыреттілікті маманның жеке тұлғасының сипаты мен оның мазмұнына нәтижелі компоненттерді енгізу ретінде психологиялық тұрғыда қарастыру бағыты (А.И. Панарин, М.К. Кабардов және т.б.). Сонымен, құзыреттілік қажетті біліктілік пен шеберліктердің қалыптасқандығының, оларды менгеру деңгейлерінің көрсеткіші болып табылады. А.И. Панарин кәсіби құзыреттілікті шеберліктердің жиынтығымен түйістіре келе, жеке тұлғаның білімі мен білгендігінің есепке алмай, кәсіби құзыреттілікті маман дайындығының маңызды сипаты, коммуникативтік, іскерлік, ұйымдастырушылық шеберліктері, сондай-ақ осы шеберліктерді өз жұмысында тәжірибе жүзінде қолдануға дайындығы мен қабілеттілігі ретінде есептейді.

Алтыншы бағыт – кәсіби құзыреттілікті, бір жағынан, адамдарға психологиялық көмек көрсетуге тікелей қатысадын психологқа қажетті, ал екінші жағынан, өзінің және клиенттің іс-әрекетіне басшылық жасап, оны бағалайтын жеке тұлғаның қасиеті ретінде қарастыру (Р.Х. Шакуров және басқа ғалымдар).

Жетінші бағыт – маман білімділігінің деңгейі ретінде кәсіби құзыреттілікті талдау (Б.С. Гершунский, А.Д. Щекатунова және басқалары). «Кәсіби құзыреттілік» ұғымы өзіндік кәсіби білім деңгейімен, адамның жеке қабілетімен және тәжірибесімен, өздігінен білім алу мен өзін-өзі

жетілдіруге деген талпынысы, іске деген шығармашылық қарым-қатынасымен анықталады. Б.С. Гершунский кәсіби құзыреттілікті «танымдық және практикалық іс-әрекеттерде теориялық тәсілдерді менгерумен сипатталатын жеке тұлғаның білімділігі мен жалпы мәдениеттілік деңгейі» деп талдаған [3, 49].

Сегізінші бағыт – кәсіби құзыреттілікті іс-әрекет жағынан анықтау (Н.В. Кузьмина, М.И. Лукьянова, А.К. Маркова). А.К. Маркова бойынша, кәсіби құзыреттілік маманның еңбек қызметтінің бес жағының жиынтығы болып табылады: қызмет, қарым-қатынас, маманның жеке тұлғасы, білімділігі, тәрбиелілігі.

Бұл бағыттардың ішінде:

1. қажетті педагогикалық-психологиялық білімдер (психолог еңбегінің мағынасы, психологиялық қызметтің ерекшеліктері, қарым-қатынас, жеке тұлға, адамдардың жас ерекшеліктері туралы психологиядан, педагогикадан алынған мәліметтер);
2. шеберліктер (жоғары дәрежеде жасалған іс-әрекеттер);
3. кәсіби психологиялық бағыт (психологтың мінез-құлқын, өзін-өзі бағалаудың, кәсіби талаптары деңгейін анықтайтын және психологты көтермелемен, оның өз еңбегінің мән-мағынасын түсініммен тығыз байланысқан психологтың клиентке, ұжымға, өзіне деген тұрақты қарым-қатынастар жүйесі);
4. оның танымдық аясын (психологиялық ойлау, рефлексия, өзін-өзі бағалау, байқағыштық);
5. мотивациялық аясын (мақсатқа сай білім алу, себептер, жеке тұлғаның мұddeлери) қозғайтын психологиялық ерекшеліктер.

А.К. Маркова өзінің кейінгі еңбектерінде кәсіби құзыреттілікті «өз бетінше әрекет жасауда ықпал ететін психикалық жағдай, адамның өз еңбегінің нәтижесінде арнайы еңбек функцияларын орындау қабілеттілігі мен шеберлігін менгеруі» деп айқындайды [8].

Болашақтағы мамандардың әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасуына ерекше көңіл аударып, оны барынша айқара зерттеген ғалымдардың бірі Г.Ж. Менлибекова. Автордың пікірінше, әлеуметтік құзыреттілік – әлеуметтік шындықты түсінуді, іс-әрекетке басшы ретіндегі нақтылы әлеуметтік білімдерді, өзін-өзі жүзеге асыруға және арнайы нормаларды шығаруға деген субъективтік қасиеттерді, өмірдегі басты іс-әрекеттерде әлеуметтік технологияларды жүзеге асырудың жеке шеберліктерін біріктіретін адамның кіріктірілген қасиеті. Адам өмірін уақыт бойынша өрістетумен байланысқан әлеуметтік құзырлық мазмұны адамның өз өмірінің сценариін және өзінің өмірлік жолын жоспарлай білу шеберлігі ретінде беріледі. Әлеуметтік құзыреттіліктің қалыптасуы туралы мәселе – өз бетінше өмір сүрге, әлеуметтік өсу мен әлеуметтік қорғанысқа дайындау үрдісі болмақ. Сондықтан, құзыретті маманды кәсіби дайындауда қоғам мен мемлекеттің барлық институттарында педагогикалық түрде негізделген шешімдерді қабылдай білу шеберліктерін қалыптастыру маңызды мәселе болып табылады. Қоғам дамуының осы объективті қажеттілігі салдарынан педагогикада «әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілік» түсінігі пайда болды деп түйіндеген.

ЖОО-ны студенттерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру жөніндегі пікірін «кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі», - деп тұжырымдаған ғалым Б.Т. Кенжебеков болып табылады [9]. Ғалымның пікірі бойынша, құзыреттілік жансыз, жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім шығаруға, оның барысы мен нәтижелерін талдауга, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген біліктіліктерінің белсенділігінен көрініс табады. Автор маманның кәсіпкөйлігінде қатысты кәсіби құзыреттілікке адамның шеберлігі мен қабілеттілігі біріктірілген, кіріктірілген іргелі білімдер жинағы, оның жеке кәсіби қасиеттері, технологиялықтың, мәдениет пен шеберліктің ең жоғары деңгейі, іс-әрекеттерді үйимдастыруға деген шығармашылық жол, өзін-өзі үнемі дамытып отыруға дайындық деп анықтама берген болатын.

Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігінің арнайы әлеуметтік және тұлғалық түрлеріне ерекше мән беріледі. Арнайы – өзінің мамандығына сәйкес білімі, біліктілігі, дағдысы, жаңа білім мен білікті өз бетімен менгеру, өз еңбегінің нәтижесін бағалау, біліктілігінің болуы. Әлеуметтік - тіл туралы білімінің, коммуникативті мәдениеттің, басқамен ынтымақтастыққа қабілеттілігінің өзінің іс-әрекеттің нәтижесіне, қоршаған ортаға дайындығының болуы. Тұлғалық – өзін-өзі тану бойынша біліктілік, дағдысын жетілдіруге кәсіби іс-әрекет тұлғаның дамуына дайындығының болуы. Бұл үшін, біріншіден, ақпараттық қоғамда кез келген маманның іс-әрекеті күштейтіледі, екіншіден, білім парадигмасының өзгеруі кәсіби білім, біліктілік пен дағдыға маманның дайындығын қалыптастырудың, ойлаудың әдіснамасын дамытудың қажеттілігін көрсетеді, үшіншіден, ізгілікті

және әлемдік интегративті үрдістер тенденциясы алдымен көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың қажеттілігін айқындайды.

Қазіргі кездегі жағдайда білім беру тұлғалық-бағдарлы парадигмасын қабылдауды жеке тұлғалық, іс-әрекеттілік, жеке, культурологиялық, аксиологиялық, контекстілік, кәсіби-технологиялық жолдары басым болып отыр. Бұл жолдар білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үрдісі үшін негіз болмақ.

И.С. Якинманскаяның қөзқарасы бойынша, студент – оқыту барысында байытылып, дамитын субъективтік тәжірибелі тасуши. Бұл тәжірибелі мазмұны ашылып, толығымен қолданылып, ғылыми мазмұнымен байытылуы керек, ал қажет болған жағдайда білім беру үрдісі барысында өзгертуі керек [10].

Ғылыми зерттеулерге теориялық талдау жасай келе, мынадай тұжырымға келуге болады: оқыту үрдісінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды негізгі мәселелерді ғылыми-теориялық пәндерден алған білімдерінен туындаған қарама-қайшылықтарды өздігінен шеше алатын, шығармашылық ізденіске түсे алатын, педагогикалық үрдісті оңтайтын ұйымдастыруға қабілетті кәсіби маман даярлау жүйесін жетілдіруде жоғары оқу орындарында оқытылатын пәндер интеграциялық сипатта болып, окулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді кеңінен даярланып, тәжірибеле енгізуі туіс деп санаймыз.

Жоғары оқу орындарындағы білім беру негізінде студенттің кәсіби құзыреттілігін дамыту үрдісін талдау мен кәсіби құзыреттіліктің тек аудиториядағы сабактарда толық көлемде қалыптаспайтындығын, өндірістік практиканы еткізу кезінде кәсіби құзыреттілікті жемісті түрде қалыптастырудың ерекше жүйесін құру керектігін дәлелдеу болып табылады.

### **Әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы. – Астана, 06.04.2007. №310.
2. Тұргынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметтің біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы, 2005. – 174 б.
3. Гершунский Б.С. Компьютеризация в сфере образования: Проблемы и перспективы. – Москва: Педагогика, 1987.
4. Краевский В.В., Лернер И.Я. Теоретические основы содержания общего и среднего образования. – Москва: Педагогика, 1983.
5. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы, перспективы. - Москва: Школа-Пресс, 1994. - 205 с.
6. Фокин Ю.Г. Преподавание и воспитание в высшей школе: Методология, цели и содержание, творчество: Учеб.пособие для студ. высш. учеб.заведений. – Москва: изд.центр «Академия», 2002.
7. Бондаревская Е.В. Концепции личностно-ориентированного образования и целостная педагогическая теория // Школа духовности. – 1999. - №5. – С. 75.
8. Маркова А.К. Психология профессионализма. – Москва, 1999.
9. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жағдайында болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру. – Қарағанды, 2005.
10. Якиманская И.С., Рыжухина И.Ю. Предмет анализа – субъектный опыт. // Директор школы. - 1999. - №8. – С. 45.

**Усанова Ж.Т., Джумажанова Г.К.**

Семей қаласының Шекерім атындағы мемлекеттік университеті

### **СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ СФЕРАСЫН ЗЕРТТЕУ ЖОЛДАРЫ**

Қазіргі заманда әлеуметтік-экономикалық талаптарға бейімделудің киындығы және адамзаттың өмірдің курделі мәселелерін шешуге дайын еместігі түрлі күйде туатын психикалық күш жұмсауды қүштейді. Тұлғаның эмоционалды сферасының ерекшеліктері көп жағдайда адамның өмірлік сферасына ықпал етеді. Жоғары оқу орнындағы оқыту формалары, әдістер, интеллектуалдық қызмет мазмұнын бекітетін аса жоғары талаптар студенттердің жүйке жүйесіне шамадан артық күш түсіріп, оқу нәтижесіне ықпалы етеді. Қазіргі таңда студенттердің әртүрлі эмоциялық ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселе болып табылады. Өйткені эмоционалды аймақтың дамуы студент тұлғасының толыққанды қалыптасуына ықпалы зор.

Қазіргі кезде адамның жағдайын, қасиеттерін, психикалық үрдістерінің дамуын бағалауға мүмкіндік беретін психодиагностиканың көптеген әдістері өнделіп, тәжірибеде қолданылуда.

Олардың ішінде, зерттеу (ғылыми) және психодиагностикалық меншікті (тәжірибелік) әдістер. Егер психодиагностикалық меншікті әдістер бағалау мақсатында қолданылса, яғни зерттелген психикалық қасиеттер жайында нақты сандық не сапалық мәліметтер алуға мүмкіндік берсе, онда зерттеу әдістері бұл мақсаттарды көзdemейді, әдетте олар эмпирикалық және эксперименталдық ғылыми зерттеулерде пайдаланылады. Басты мақсаты - ең анық, шын білімдер алу.

«Психодиагностика» термині «Психологиялық диагноз қою» дегенді білдіреді. «Диагностика» термині - адамның мінез-құлқын тану және сол мінез-құлқыққа қалауды бағытта ықпал етудің мүмкіндіктері жайында шешім қабылдау дегенді білдіреді. Осыған орай психологияда ерекше объектілер туралы сез жүреді – психикамен бөлөнген нақты адамдар туралы диагностикалық зерттеулерде маңызды сипаттамалар бар. Осыған байланысты, психодиагностиканың негізгі түсініктеріне диагностикалық дәрежелер, диагностикалық белгілер жатады.

Белгілер тікелей бақылауға және тіркеуге мүқіндік беретіндігімен ерекшеленеді. Дәрежелер тікелей бақылаудан жасырын түрде болады. Есептік дәрежелер үшін «диагностикалық ықпал» деген атау қолданылады. Бақыланатын белгілерден жасырын дәрежелер деңгейіне көшу диагностикалық қорытындыларды құрайды. Психологиялық диагностиканың басты мәселелері - белгілер мен дәрежелері арасында аса қатаң өзара байланыстың болмауында. Осыған байланысты психодиагностикалық шешім қабылдау үшін тұтасымен белгілер кешеніне талдау жасау қажет. Психодиагностикада жасырын ықпалмен байланысты әр түрлі белгілердің талдауын тесттер қамтамасыз етеді. *Зерттеу дегеніміз* - бұл дайын құрастырылған тестердің қолдану. Оның нәтижесі - нақты сыналушы адамның психикалық қасиеттері жайындағы мәліметтер. Дифференциалды - диагностикалық зерттеу - өлшемді психикалық қасиет тұжырымдамасын (әрекет сипатымен тиімділігіне әсер ететін жасырын ықпал) талдауға, тиісті қасиет жайында ақпарат алатында диагностикалық белгілерді анықтауға бағытталған теориялық және эксперименталдық жұмыстар кешені, бұл анықталған белгілер тіркеу әдістерінің жасалуы және сыннан өтүі.

Сонымен, қазіргі кездегі «психодиагностика» түсінігі психологиялық тестілеу ұғымымен тығыз байланысты, алайда толығымен оған қатысты емес, себебі тесттік (стандартталған, өлшеуіш әрекеті) басқа эксперттік (сапалы эксперттік бағалауларға негізделген) немесе «клиникалық» психодиагностикалық әдістері бар. Соңғы кезде осы екі тәсіл де белсенді түрде қолданылады және бір-бірін өзара толықтырады.

Бірақ кез-келген психодиагностикалық әдіс белгілі бір «диагностикалық тұжырымдамаға» негізделеді. Сондай-ақ, әрбір әдіс қолданушыға диагностикалық түрде маңызды психикалық қасиеттер жүйесі жайында және оларды анықтауға бағытталған қажетті білімдері бар деп болжайды.

Сауалнама тәсілі арқылы жүретін диагностикалық әдістер адамның психологиялық ерекшеліктері жайындағы қажетті мәліметтердің арнайы іріктеліп алынған стандартталған сұрақтар тіркесіне берген жазбаша және ауызша жауаптарына негізделген.

Бұл әдістер тобының бірнеше түрлері бар: анкета, сұхбат, сауалнама. Анкета әдісінде сыналушы тек бірқатар сұрақтарға жауап беріп қоймай, өзі туралы әлеуметтік-демографиялық мәліметтер де береді. Сауалнама әдісінде сыналушыға жазбаша түрде бірнеше сұрақ қойылады. Мұндай сұрақтар әр түрлі типте болып келеді: жабық, ашық және жартылай жабық. Жабық сұрақтар деп - стандартталған болжамды жауаптары бар немесе бірнеше жауаптар тіркесі бар сұрақтарды айтады. Сыналушы солардың ішінен өзіне лайықтысын таңдап алу керек. Ашық түрдегі сұрақтар сыналушының қалауы бойынша берілетін ерін жауаптарды жобалайды. Мұндай сұрақтарға берілген жауаптар сандық емес сапалақ талдауға ұшырайды. Жартылай жабық сұрақтар жауаптардың стандартты нұсқасын да және сыналушының тандауы бойынша берілген, еркін жауаптарды да қарастыруды.

Сонымен қатар, психодиагностикалық сауалнама сұрақтары тікелей және жанама сұрақтардың жауаптарында сыналушының тікелей бағалауы байқалмайды, бірақ берілген жауаптары арқылы оның психологиялық даму деңгейіне жайында жанама мәліметтер алуға болды. Айтылған жазбаша сауалнамалардан басқа ауызша сауалнамалар да бар. Олардың бірі-сұқбат құру. Психолог өзі сыналушыға сұрақ қойып, жауаптарын өзі жазып алып отырады. Бұл сұрақтар алдын-ала анықталған және жазбаша сұрақтар типтеріне үқсас келуі мүмкін.

С.Д. Спилбергер «Мазасыздану қүйі және қасиеті» деп аталатын 20 пікірден тұратын сауалнаманы жасады [1]. С.Д. Спилбергер бойынша «мазасыздану жеке адам сипаты ретінде мотивті және жүре қалыптасқан мінез-құлқығык диспозицияны білдіреді». Мэндер мен Саросзон (1952) мазасыздануды емтихандар ситуациясымен ғана зерттеумен шектелді. Олардың пікірінше, мазасыздану күшті ішкі тітіркендіргішке реакция болып табылады. Олар 37 пікіріден тұратын «Тестілік мазасызданудың сауалнамасы» деген әдістемені жасады.

Сонымен, әдістемелік тұрғыдағы әдебиеттерге терең талдау негізінде, біздер келесі анықтаманы тұжырымдаймыз:

*Қобалжу* - жеке адам қасиеті ретінде жүйке жүйесінің қасиеттерімен және қарым-қдтынаста ұзақ уақыт сәтсіздік, қолайсыздық болуымен анықталады. Ситуативті қобалжу – нақты ситуациямен байланысты және одан тыс байкалмайтын мазасыздық күйі, қалпы.

Ситуативті мазасыздану деңгейін төмендешу үшін, ғалымдар музикалық қозгалыс әдісін ұсынды. Бұл әдістеме бойынша, классикалық және халықтық музикаларда қозгалысты понтомимикалық түрде қдита жаңғыру керек. Бұл эксперимент өзекті психологиялық калыптың өзгеруін қөрсетті: яғни, жалпы эмоционалды тонның артуы және ситуативті мазасыздану деңгейінің төмендеуі байқаган.

Келесі бір әдістеме САН (өзін-өзі сезіну, белсенделік, көңіл-күй) деп аталады. С.Д.

Спилбергердің жекелік және ситуативті мазасыздануға арналған сынағы, К. Изардтың эмоцияны жіктеу әдістемесі.

Казіргі уақытта жеке адамды зерттеуде оқиғалы биографиялық қозқарас кең тараған. Бұл қозқарас жеке адам өмірінің ерекшелігін, оның нақты биографиялық ерекшеліктерін ерекше қорсетуге бағытталған. Оқиғаларды бастаң кешіру тәсілі жеке адамның психологиялық тағдырын анықтайтын болады. Бұл бағытта жұмыс жасағандар Б.Г. Аナンьев, оның әріптестері және окушылары болды. Олар жеке адамды өмірлік жолдың субъектісі ретінде карау тәсілін жасады. Оқиға ұзақ уақытқа маңызды шешім қабылдайтын бұрылышты кезең [2].

Эксперименттің психодиагностика әдістер ретіндегі ерекшелігі сыналушының кез-келген қасиетін бағалау үшін арнай психодиагностикалық эксперименттің өткізілуі болып табылады. Мұндай эксперимент әрекетіне сыналушының бойындағы зерттеуге алынған қасиеті айқын байқалуы үшін жасанды жағдай енгізіледі. Психодиагностикалық эксперименттің үйымдастырып өткізуінің нәтижесінде зерттеуші сыналушы туралы арнайы эксперименттік жағдайдағы бақылау арқылы, қалаган мәліметтерін ала алады. Қолданылатын тесттік тапсырмалардың типіне байланысты әдістемелер келесі топтарға бөлінеді: сауалнамалы (мұнда сыналушыға арналған сұрақтар кіреді), бекітуші (сыналушы келісетін немесе келіспейтін ойлар қолданылады), өнімді (сыналушының белгілі бір шығармашылық жұмысы қолданылады: ауызша, бейнелі, т.б.); әрекеттік (сынаушы орындауға арналған кейбір әрекет жасайтын тапсырмалар алады); физиологиялық (психодиагностика ағзаның ерікіз физикалық реакцияларын талдау негізінде өткізіледі).

Эмоцияның сапасын физиологиялық қорсеткіш бойынша диагностикалауға бола ма деген сұрақ ғалымдар арасында әлі зерттелуде. Бірқатар ғалымдар эмоционалдық қобалжу сапасы көп жағдайда физиологиялық қорсеткіштердің реактивтілігі және интенсивтілігімен анықтала бермейді.

П.В. Симонов «біздің жағымды, жағымсыз эмоциялардың физиологиялық механизімі туралы шынайы білімдеріміз көп жағдайда шектеулі болып қалады» дейді. Адамның қобалжуы және түйсінің жеңіндегі қарама қайшылықтар сезімдік шаршau үлгісінде беріледі. Кейбіреулер жұмысқа қабілеттілік және шаршau қорсеткіштерінің арасындағы айырмашылықтарға зейін аударады.

Ал басқа зерттеулерде өзіндік көңіл күйді бағалау әдістемесі бойынша адамның нейродинамикалық және темперамент ерекшелігіне байланыстылығын қорсетті. Адамның эмоционалды сферасын зерттеудің психологиялық әдістері негізінен *сауалнамаларға* негізделеді және адамның эмоционалдық ерекшеліктерін анықтайды (ондағы эмоцияларды және эмоционалдық тұрақтылыққа байланысты).

А.Е. Ольпанникова зертханасында эмоционалдылықты зерттеудің төрт әдістемесі (сауалнамалар) құрастырылды: үшеу - жетекші эмоцияның модальдылығын анықтау үшін және біреуі-эмоцияның (экспрессивтілікті) көріну құралын анықтау үшін. Бұл әдістемелердің диагностикалық күшіне сенімсіздік танытқан кейбір зерттеушілер қосымша эмоцияны хронологиялық *tirkay әдісін* (эмоционалды құнделік) қолданды, сыналушыға бір ай бойы хронологиялық тәртіpte белгілі бір қорсеткіштер тәртібімен қунделікті өмірде көрінетін өзінің эмоциясын тіркеуді ұсынды [3]. Сыналушы арнаулы бланкіге өзінің эмоционалдық қобалжуын, белгісін, интенсивтілігін, іс-әрекет түрін жазып отырды.

В.А. Лабунская эмоционалдық күй экспрессиясының *вербальді фиксация* белгілерінің әдісін жасады. Бұл әдіс әлеуметтік перцепция аймагында психологияр кеңінен қолданытын сөздік портрет әдісінің нұсқасын бейнелейді. Зерттеуге қатысушыдан тапсырма орындауда басқа адамның әр түрлі ерекшеліктерін сипаттау талап етіледі. Сыналушының алдына алты эмоционалдық күйдің экспрессивті белгілерін сипаттау мәсіні : ыза, коркыныш, жек көру, таңдану, куаныш. Ол басқа адамның эмоционалдық күйін бағдарға алатын экспрессивті белгілерді атауы тиіс. Лабунская

көрсеткендегі экспрессивті мінез құлықты талдау белгілерді саналы табуда әрқашан мақсатты түрде жүзеге асырыла бермейді. Сондықтан экспрессивті мінез құлықты тану ерекшеліктерін нақтылау үшін эталондарды зерттеуге көзқарас моторлық, кинестетикалық, эмитация және экспрессияның графикалық бейнесінің көмегімен жүзеге асады. Дегенмен экспрессивті мінез құлықтың моторлық эмитациясы эталондар экспериозациясы әдісі ретінде шынай болғанмен, оған талдау жасау қын. Сондықтан бұл жағдайда зерттеуші психикалық күйдің кинестетикалық эталондарын талдау мақсатында қозғалыс тілін аударуга мәжбүр болады.

Осы әдістің негізіне еркіті графикалық ассоциацияланған - *пиктограмма* әдісі жатады. Пиктограмма өзінің сыртқы сипаттамасы бойынша экспрессивті күй бейнесіне жақын (пиктограмма бұл экспрессия бейнесі), және пиктограмма кенеттен іске қосылады және қалыптасады. Экспериментте сыналушыға сөздер тізбегі көрсетіледі маңызын және мағынасын олар графикалық түрде бейнелеуі тиіс: ыза, қорқыныш, жек көру, таңдану, қуаныш. Сөздер арасы 10 секунд интервалмен оқылады. Мысалы: «қуаныш» сөзіне күн бейнеленеді. Графикалық фиксация әдісінің өзіндік артықшылықтары бар, адам сөзбен жеткізуғе қындық туғызатын нәрселерді бейнелей алады. Сонымен қатар пиктограмманың кемшілігі тапсырманы табысты орындалуы адамның көркемдік қабілетіне көп жағдайда байланысты.

*Тесттер* – тұлғаның эмоционалдаған зерттеуде қолданылатын психодиагностиканың кең таралған әдістерінің бірі. Отандық және шетелдік әдибиеттерде психологиялық тест түсінігінің көптеген анықтамалары берілген. Атап айтсақ: «Психологиялық тест шын мәнін де мінез-құлық талғамының объективті және стандартталған өлшемі», «Тест – стандартталған сандық және сапалық жағынан дара психологиялық ерекшеліктерді анықтауға арналған шектеулі уақыттағы байқау»; «Тест – деп, бақылауға алынған қасиеттердің даму деңгейінің салыстырмалы сандық және сапалық көрсеткіштерін алуға мүмкіндік беретін психодиагностиканың стандартталған әдістерін атайды.

*Стандартталған өзіндік есеп беру*. Аталған әдістер типіне келесі реттегілер жатады: сауалнама – тесттер, ашық сауалнамалар, шкаласалық техника, идеографикалық техника. Сондай-ақ бұл топқа номететиклық және идеографикалық әдістер біріктірілген, өйткені олар бір әдістемелік ұсынымға бағынады. Оларға төмөнделгілер жатады:

1. Сауалнама-тесттер бірнеше нұсқаулар жиынтығын ұсынады (сұрақтар немесе пікірлер), соған байланысты сыналушы өз пайымдауын шығарады. (екі-үш балама жауаптар тандауы). Сыналатын бір психологиялық қасиет бірнеше нұсқаулар тобымен берілуі мүмкін, олар тікелей («Қараңғыдан қорқасыз ба?») немесе жанама түрде («Барлық адамдар әділ») субъект тәжірибесіне қатысты болады. Сауалнамалар бір ғана қасиетті сынайтын бір өлшемді немесе бірнеше қасиетті сынайтын көп өлшемді болып күрастырылады.

2. Сауалнама - тесттердің көмегімен тұлғаны зерттеудің келесі амалдарын бөліп көрсетуге болады:

- ерекшеліктерді (себепті) айқындау негізінде (мысалы, Кеттелл сауалнамасы);
- типологиялық амал (тиplerді бөліп көрсету негізінде мысалы, MMPI).
- ашық сауалнамалар сналушының стандартталға жауабын ескермейді, стандартталған сұрыптауға еріксіз жауаптарды стандарттық дәрежелерін салыстырганда ғана жетеді.

3. Шкаласалық техникалар объектілерді нақты адамдарды, ауызша пікірлерді т.б.) шкалемен анықталған сапа көрсеткіші бойынша бағалауды болжайды, мысалы, өзін-өзі бағалау зерттеулері С.Я. Рубинштейн [4], Ж.К. Намазбаева [5]. Сыналушының әрекеттері өзін-өзі шкала бойынша бағалаумен аяқталады (дені сау – науқас, ақылды-аңқау және т.б.). Зерттелуші шкала бойына өз бойындағы қасиеттің дәрежесін көрсететін сыйық (белгі) қояды. Шкалалар сандық, сөздік, графикалық түрде берілуі мүмкін.

18 жастан 23-25 жас аралығы шартты түрде кеш бозбалалық немесе ерте ересек шақ деп атайдын жас кезеңімен ерекшеленеді. Осы жастағы жас адамдан қоғам әлеуметтену обьектісін ғана емес (әрине ол әлі жалғаса береді), қоғамдық-өндірістік әрекеттің жауапты субъектісін де көреді. Әрекеттің басты саласына енді мамандықтарға байланысты жіктелген еңбек жатады. Жастардың көп бөлігі жалғастырып жатқан білім енді арнаулы, кәсіптік болып табылады, және жоғарғы оқу орындарында окудың өзі еңбек әрекеті ретінде қаралады. Осы топтың әлеуметтік-психологиялық қасиеті жасына ғана емес, әлеуметтік-кәсіби жағдайларына байланысты да болады. Бірақ қоңтеген жас адамдар бұл жаста «бозбалалық» шақтың проблемаларынмен кездесіп тұрады. Осындай жағдайларды білмей жұмысшы жастарды да, студенттерді де, жас қызметкерлерді де түсіну мүмкін емес [3].

«Біздің ойымызша, адам өміріндегі 16 жастан 22-23 жасқа дейінгі уақыт ең шешімді жас. Осы жаста жеке түсініктерді біріктіру кезеңі аяқталады, оның барлығы аяқталмаса да, қоңшілігі бір желіге біріктіріледі, сөйтіп адамның ойы мен мінез-құлқын қалыптастыруға себепкер болады» - деп жазған К.Д. Ушинский [4].

Бозбалалық шақтың қоғамдық жағдайы, мәртебесінің аралығы оның психикасындағы ерекшеліктерін анықтайды. Қоңтеген бозбалалар мен қыздарды жасөспірімдік шақтан қалған проблемалар – өзінің жас ерекшелігі, үлкендерден бөліну құқығы және т.б. толғандырады. Сонымен қатар, олардың алдында әлеуметтік және жеке басына байланысты міндеттер тұрады, олар бозбалалардың үлкендерден бөліну құқығы емес, ересектер өмірінен өз орнын табу, бағдарлауға байланысты болады. Бұл мамандықты таңдау, өзін-өзі танудың интегративтік механизмдерінің дамуы, дүниетанымын және өмірлік ұстанымын, сондай-ақ психосексуалдық бағдарын анықтауға қындық тұғызатын ақыл – ой қабілеттерін және қызығушылықтарының жіктелуіне әкеп соғады.

Сонымен қатар, бозбалалық шақтың ерте кезеңдерінде ересек жасқа тән кейбір таптаурын мен нұсқамалар өз әсерлерін жалғастыра береді. Бұл осы жастағы жас адамның аралық жасы деп сипаттауға негіз болады, себебі осы жаста жасөспірім, ересектену (әткеннен), бозбалалық (қазіргіден) және ересек шақтың (болашақтан) санасының бөлшектерін көруге болады. Олар «механикалық» түрғыда өмір сүріп қана қоймай, өзара бір-біріне әсер етеді, үйлеседі, өзара байланысады, сөйтіп жастар санасына қажетті жаңа сапалы бөлшектерді тудырады.

Бозбалалық шақтың маңызды психологиялық белгісі өзіндік ішкі дүниесін ашуы. Егер балалық шақ үшін болмыс жарық, түрлі-түсті болып, бай әрі әр түрлі болып келсе, ересектену, әсіресе бозбалалық шақта адам бірінші рет назарын өзіне аударады: өзін, өзінің ішкі дүниесін біледі. Мұндай өзгеріс, ең алдымен адамның балалық шақтан ересек өмірге дейінгі даму кезеңінде болатын өзгерістер мен қоңтеген себептерге байланысты болады. Өзіне назар аудара отырып, бозбала өз өмірін жаңа мәнімен, куаныштарымен және қайғысымен толықтыратын жаңалықтар аша бастайды.

Бозбалалық шақтың өзіне тән белгісі – максимализм, ол қоршаган өмірді кемеліне жетпегені үшін сынаудан, бозбалаларға тән «көремет» жоспарлар құрудан, шынайы мүмкіндіктерін пайдалану

мүмкіндітерінің дамуынан көрінеді. Осыдан – жастардың дүниенің шынайы және алдамшылығына қарсы әртүрлі қалыпта қарсылық көрсетуі туындаиды.

Білім алудың, қарым-қатынас жасау шенберінің кеңеюіне байланысты интеллектуальдық ой-өрісінің даму процесі жүреді. Белгілі психолог П.П. Блонскийдің ойынша бозбалалық шақта қызығушылықтар әртүрлілігі барынша толық болып: « Білім осы қызынушылықтарды кеңейтеді, ал кәсіби әрекет оны әлі де болса, тарылтқан жок».

Осы кезде сини тұрғыда ойлау, құбылысқа өзіндік баға беру, негізгі себепті атап түсіндіруді талап ету, сенімділіктен бас тарту, құрделі проблемаларды шешуге қызығушылық, ерекше шешім қабылдауға үмтүлу дамиды. Жастар ортасында әртүрлі тақырыптарда пікір таластар болып отырады, олар қысқа мәнді мәселелерді қарастырып қана қоймай, өмірдің мәні, бостандық және жауапкершілік, бақыт пен жақсылық туралы да болып келеді. П.П. Блонский бұл кезеңді «айтысу жасы, айтысты спортқа айналдыру жасы» деп атаган.

Сонымен қатар, сенімдердің тұрақсыздығы, қарама-қайшы ақпараттарды қолдану, өмірлік тәжірибесінің аздығы негативизмнің пайда болуының негізіне, беделділікке немісіз қарауға, басқалардың ойларына төзімсіздікке және жоғары талап қоюшылыққа әкеп соғады.

Бозбаланың жеке басының әлеуметтік-психологиялық дамуының басты факторына оның өміріндегі «саусақпен санарлықтай таңдал алған» құрдастарының рөлінің ұлғаюы. Жолдастық, достық, махабbat ерекше мәнге ие болады, әртүрлі тебіреністер әкеледі, сезімдер дүниесін өзгертеді. Көптеген зерттеушілер бозбалалық шақтың санасына тән белгі ретінде эмоционалдық қарым-қатынасты, құбылыстарды, оқиғаларды, басқада адамдарды жақтыру және жақтырмау сияқты терминдермен бағалауды, қабылдаудың жарқындығы, көңіл-күйдің тұрақсызыдығы ретінде көрінетін эмоционалдық артықшылықты атайды [5].

Негізінен бозбалалық шақтағы әлеуметтік-психологиялық даму өте жедел өзгерістер болуымен ерекше, олар шынымен де баяу болмайды, ішкі қарсылық, үйлесімсіздік негізінде жүзеге асады. Ағылшын психологы С. Холл бозбалалық шақ психологиясының 12 бір-біріне қарама-қайшы келетін жағдайды есептеген болатын: аса белсенділік жадап-жүдеуге әкеп соқса, ойсыз көнілділік аулақтануға, өзіне сенімділік ұлшақтық пен жасқаншақтыққа ауысады, альтруизм мен эгоизм бір-бірімен кезектесіп отырады, ал қарым-қатынасқа деген әуестік онашалануға, нәзік сезімталдық-апатияға, білмікке құмарлық – немісіз қарауға, кітап оқуға деген құштарлық – оған деген енжарлыққа, реформаторлыққа деген құштарлық – бұрынцы өміріне деген махабbatқа ауысып жатады екен.

Жастардың рухани әлемінің жағдайы жастар үшін ғана емес, бүкіл қоғам өмірі үшін де маңызды орын алады, өйткені жастар біздің болашағымыз. Жастардың рухани мәдениетін құраушылардың бірі құндылықтық бағдарлар болып табылады яғни, белгілі-бір мәндерді өмірді ұйымдастыруши бастамалар ретінде қабылдау және өзін соган сәйкес ұстай.

Жастарымыздың бойында отансүйіштік, ұлтжандылық, әдептілік, ибалылық, төзімділік сынды қасиеттерді арттырып, олардың жалпынадамзаттық және ұлттық құндылықтарды толыққанды түсініп, өмірлік жолдарында ұстануына септігін тигізуге әсер етуіміз керек

### Әдебиеттер

1. Каптерев П.Ф. Таңдамалы педагогикалық шығармалары. - Москва: 1982. - 170 б.
2. Уалиханов Ш. Шығыс Түркістанға саяхат күнделігі. Таңдаулы шығ., 2 т. - Алматы: Жазушы. - 1980. - 231 б.
3. Стефановская Т.А. Педагогика: наука и искусство. Курс лекций. Учебное пособие для студентов, преподавателей, аспирантов. – Москва, 1998. - 368 с.
4. Ушинский К.Д. Сбор.соч. 1 том. – М., 1949. – 345 с.
5. Әділхан Ж. Қазақтың салт-дәстүрлері негізінде жастарға ұлттық тәрбие беру. Қазақстан – ұлысаралық татулық пен келісім мекені: ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. - Қарағанды, 2012. - Б. 38-39.

Қожанова М.Е.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы

## ЭТНОСТЫҚ ӨЗІНДІК САНА-СЕЗІМ ҚҰРЫЛЫМЫНДА ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

XXI ғасыр этностардың ұлттық сезімінің өсіумен ерекшеленді. Оларға жалпы әлеуметтік, сол сияқты мәдени факторлар және өз кезеңінде әлеуметтік әрекеттің субъектісіне тән құндылықтың бағыттарының этношартталған жүйесі әсер етті. Этностиқ жекелеп алғанда, әлеуметтік мобиЛЬДІЛІКТІ, көші-қонды, үлкен қалалы және өндіріс орталықтарына халықтың жиналудың, қақтығыстық және әлеуметтік жүйелер мен институттардың динамикасын шарттайтын ең маңызды фактор ретінде танымал.

Әтникалық арақатынастарда маңызды орынды ұлттар, ұлттық психология мен ұлттық қарым-қатынастар және этностардың өзіндік сана-сезімі алады. Әтникалық қасиеттер әр адамның бойында дербес, алдыңғы ұрпактардың тәжірибесіне тәуелсіз қалыптаспайды. Олар оған дейін қалыптасқан дайын дүние ретінде қабылданады, яғни адамдармен араласу және тәрбиелеу үрдісінде қалыптасады. Басқа сөзбен айтқанда, индивид әтникалық мінез-құлыштың қандайда бір қалыптасқан қасиеттерімен туылмайды. Ол бұл қасиеттерді тұлғаның әлеуметтенуі деп аталатын, өмірге бейімделу нәтижесінде иеленеді.

Әтникалық ерекшеліктер өз табигаты мен жүзеге асыру әдістері бойынша индивид және қауымдастық психологиясындағы барлық адамдарға тән құбылыстарға ұқсас болып табылады. Мұндағы айырмашылық – жалпы адамзатқа, ал әтникалық белгілі бір ұлттың, халықтың өкіліне тән. Ал бұлардың ұқсастықтарына келетін болсақ, екеуі де әдеттегі өмір, құнделікті тұрмыстағы адамдар қарымқатынасы, құнделікті тұлғааралық араласу салаларында көрініс табады. Әрбір этностағы көптеген әдеттер, талғамдар, құндылықтың бағдарлары, бір-бірін түсіну мәнерлері оның еңбек ету, шаруашылық әрекеттері сияқты өзгешеліктерімен анықталады және олардың әсерімен қалыптасады.

Біздің пікірімізше, «ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті» ұғымы – бұл саяси құбылыс, әрбір халықтың мәдениеті, тілі, әдет-ғұрпы, дәстүрлеріне деген саналы сый-құрметі, интеллектуалды күш-қайратымен өзінің ғана емес, сондай-ақ, басқа да халықтардың мәдени, рухани құндылықтарын тануға ұмтылсы, ұлттық сезімге, ар-намысқа деген сыйластықты қатынасы, өзге ұлт адамдарына деген ізгі ниет, жоғары мәдениет пен сый-құрметі.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті өзінің мәнді ішкі көрінісінде әр түрлі ұлттар адамдарының көп ретте ұлтаралық қатынастар дамуын айқындайтын рухани байланысы деңгейін сипаттайды.

Мұндай қарым-қатынас мәдениеті нәзік қамкорлық, кеңпейілділік, ұлттық психологияны есепке алушылықты, әрбір адамның, әрбір ұлттың ұлттық сезімдері мен ұлттық ар-намысына деген сый-құрметті талап етеді. Бұл бүтінде жалпыадамзаттық құндылық, мұқтаждыққа айналуда. Бұл қасиет-сипаттарды иелену қай ұлтқа жататындығына қарамастан, әрбір адамның жалпыадамзаттық борышы болып табылады.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті қоғамның, халықтың, тұлғаның рухани өмірінің белгілі бір құрылымдық компоненті болып табылады. Ол түрлі ұлт өкілдерінің рухани байланысы деңгейін сипаттайды, бұл ретте ол ұлтаралық қатынастар нәтижесі ретінде танылады.

Халықтардың өзара қарым-қатынас мәдениетінің қазақстандық ұлгісі – бұл қоғамдағы шиленістік, қақтығыстық жағдайды жену ғана емес, сонымен қатар, оның болашақта ұзаққа созылған қарсылық пен мәңгілік жек көрушілікке ұласып кетпеуін алдын алу болып табылады. Қазақстан қоғамының бұndай жетістікке қол жеткізуі оның халқының ұжымдық субъекті ретінде және оның әрбір мүшесінің өз бойында ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін жоғары қоюында болып отыр [1].

Осылайша, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің негізгі міндеті – адамды оның шығармашылық құш-карымын ашатын, ілгері дамуын қамтамасыз етенин гуманистік типті ұлтаралық қарым-қатынастарды тұтынушы әрі тудырушу ретінде қалыптастыру деп санауга болады.

Бұл күрделі мәселені зерттеу барысында Қазақстандағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті – бұл өркениетті тұлғаның қоғамдық санасының бөлшегі болып табылып, оның моралі мен психологиясының маңызды жағын құрайтын қасиеті екендігі туралы мәнді тұжырымдар жасалады. Тұлғаның, оның еркіндігінің дамуы, оның ой-өрісінің кеңеюі ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің маңыздылығын теренірек түсінуге көмектеседі. Бұны көптеген факторлар шарттастырады, бұл жерде

тығыз диалектикалық тұтастықта алынған жақсы ойластырылған экономикалық стратегия, күшті әлеуметтік саясат және мақсатқа сай идеялық-тәрбиелік жұмыс зор маңызға ие, бұндай тұтастықсыз қойылған міндеттердің ешбірі, оның ішінде, ұлтаралық қатынастарды одан әрі үйлестіру міндеті шешіле алмайды.

Белгілі ғалым Т.С. Сарсенбаевтің атап өткеніндегі: «Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті, ең бірінші кезекте, не поліэтникалықпен, не моноділтілікпен сипатталатын қарым-қатынас ортасымен тығыз байланысты. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін тұлға мен қоғамның мәдениеті, өркениеттілігі, жалпы деңгейі шешуші маңызға ие» [2, 11 б.].

Біздің республикамыз шеңберіндегі әр түрлі тенденциялар аясында осы процестердің мазмұны мен өзара байланысын зерттеу ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті қалыптасуының негізгі бағыттарын сауаттылықпен айқындал, оның мейлінше тиімді әдістерін, амал-тәсілдерін, формаларын табуга мүмкіндік береді.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін бекіте тұсу үшін моральдық ұстаным ғана емес, сонымен бірге, адамдар өмір сүріп, жұмыс істейтін салауатты микроәлеуметтік орта да маңызды. Сондай-ақ, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін дамытуда қоғамның біріктіруші факторы ретінде конституциялық ережелерге негізделген және ең бірінші кезекте, демократиялық халықаралық-құқықтық нормалар мен ережелерге және гуманизм принципіне негізделген идеялар болуы шарт. Бұл өз кезегінде ұлттар мен этностық топтар арасындағы тендікті, мемлекетаралық достық, серіктестік қарым-қатынастың дамуын және әлемдік өркениеттің жаңа құндылықтарын сезінуді бекіте түседі [3, 4 б.].

Егер басқа халықтардың, олардың жекелеген өкілдерінің ұлттық ар-намысы құрметтеле мейтін болса, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті туралы айтуға болмайды. Бұл халықтың барлық әлеуметтік категорияларына қатысты, бірақ, студент-жастар үшін ерекше мәнгө ие. Студент-жастардың ұлтаралық қатынастарды реттеудегі рөлі зор. Студенттік кезеңде этностық өзіндік сананың қарқынды дамуынан ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті қалыптаса бастайды.

Көпұлттық қоғамымыздың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің тарихи дамуы, қалыптасуы және орныгуының әрбір кезеңіне дұрыс, ғылыми негізделген және шынайы баға берудің мемлекеттік ұлттық қатынастар саласындағы саясатын тұжырымдал, жүзеге асырудың зор теориялық және тәжірибелі маңызы бар. Осыған орай, Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясында: «Мен біздің саясат зерттеуші мамандарға, қоғамдық ғылымдар саласының ғалымдарына сөзімді ерекше арнағым келеді. Меніңші ұлтаралық қатынастар проблемалары сіздердің бүгінгі таңдағы зерттеулеріңіздің өзегіне айнала алады және айналуға тиіс. Осы салада болып жатқан процестерге, оның үстіне Қазақстанда ғана емес, бүкіл дүние жүзінде болып жатқан процестерге айқын сипаттама беруді, этносаралық қатынастардың қалыптасуының ықтимал келешегі туралы білімді қоғам аса қажет етіп отыр. Сайып келгенде, қоғамдық институттарға, басқару органдарына социологиялық сауалдарға сүйенетін және ұлттық саясатты жүргізуің аймақтық ерекшеліктерін ескеретін нақты ұсыныстар қажет» - деген еді [4].

Демек, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті принциптерінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде түрлі ұлттар өкілдерімен қатынастарда әдептілік, сый-құрмет, кішіпейілдік, сыпайылық, тілеуlestіктің сақтау сияқты өнегелік талаптары көрінеді. Қандай да бір ұлт өкілдеріне, олардың ұлттық мәдениетіне, тіліне, әдет-ғұрпы мен дәстүрлеріне менсінбеушілікпен қарау, дөрекілік, немікүрайлылық, әдепсіздік таныту ұлттар мен ұлтаралық қатынастардың дамуына кесірін тигізуі ықтимал.

Қазақстандағы мәдени жағдайды үшке бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, бұл барлық ұлттық рухани бастауларды біріктіретін дүниежүзілік мәдениет; екіншіден, елімізде тұратын әр түрлі ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің ынтымақтастығы негізінде бұнда туындастын жалпықазақстандық мәдениет; үшіншіден, еліміздің байырғы халқының ұлттық мәдениеті. Қалыптасқан мәдени ахуал бірде-бір мәдениет жеке, шектеулі әлемде тіршілік ете алмайтынын, бірде-бір ұлт тек бір ғана өзінің мәдениетінің күш-қарымымен өмір сүріп, дами алмайтындығын бекіте тусуде.

Сонымен қатар, қазақстандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде ұлттық өмірдің іс жүзіндегі шындығын бейнелейтін көптеген шығармалар туындал, олар этностық – өзіндік сана-сезімнің артуына және онда ортақ белгі сипаттардың көрініс табуына септігін тигізген. А. Құнанбаевтың, М. Әуезовтың, А. Байтұрсыновтың, Ш. Айтматовтың, Ю. Бондаревтың, Р. Фамзатовтың және көптеген ойшылдар мен жазушылардың шығармаларында халықтың ұлттық болмысы, ерекшеліктері мен ұмтылыстары шынайы бейнеленген. Сол себепті де, олардың шығармалары «ұлттық» қана емес, сонымен бірге, «қазақстандық» та, оған қоса, әлемдік шеңберде жалпыхалықтық та болып табылады.

Осыған орай, ұлттық мұдделерді зерделеп, қалыптастыруға әр түрлі саяси күштер: саяси партиялар, қоғамдық-саяси қозғалыстар мен ұйымдар және, әрине, қоғамның саяси жүйесінің орталық элементі – мемлекет қатысады. Мемлекеттік мұдде өз өкілдерінің көпұлттық қоғамның саяси өміріне қатысуы арқылы өздерінің мұдделерін жеткізуі ұлттық, әлеуметтік топтардың мұдделерін есепке ала отырып, мемлекеттік басқару механизмдерінің қызмет ету мәселесін шешу қажеттігімен айқындалады. Сондыктан «коғамдық және өмірге белсене қатысу ұлттық саяси дамуының бір көрсеткіші болып табылады». Осылайша, «ұлт» және «мемлекет» ұғымдары қалай байланысты болса, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті аясындағы ұлттық және мемлекеттік мұдделер дәл солай байланысты.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті аясында ұлттық мұдделерді қалыптастыру процесінде жетілген азаматтық қоғамның рөлі елеулі, оның институттары ұлттық мұдде арқылы көпэтникальық құрамды қоғамның әр түрлі топтарының әлеуметтік маңызды мұқтаждықтарын жеткізуге септеседі. Көпұлтты ел үшін «жалпыұлттық мұдде» терминін пайдалану ұтымдырақ көрінеді, бірақ, ұлттық мұддені қалыптастырудың этностық емес, әлеуметтік компонент басым болуы тиіс, өйткені, дәл осы әлеуметтік мұқтаждықтар қоғам дамуының қозғауышы күші болып табылады.

Сонымен, біріншіден, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті жүйесіндегі саясат категориясы ретіндегі ұлттық мұдде қоғам мен мемлекеттің, халықтардың ұлттық даму тұрғысындағы объективті мұқтаждықтарын зерделеудің білдіреді; екіншіден, қазақстандықтардың ұлттық мұдделері ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне және ұлттық қауіпсіздік қамтамасыздығы міндеттерін айқындауға тікелей ықпал етеді; үшіншіден, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіндегі ұлттық мұдделер ішкі және сыртқы саясаттағы саяси мақсаттарға қол жеткізу жолымен іске асырылады; төртіншіден, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті аясындағы ұлттық қатынастардың іске асырылуы мемлекеттің жиынтықты қуатына тәуелді; бесіншіден, жаһандану және жаңару жағдайында Қазақстанның ұлттық мұдделері халықтардың қоғамдық бірлесуі мен топтасуына, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің нығаюына септігін тигізеді.

Толеранттық сананың қалыптасусына дүниежүзіндегі әр түрлі халықтардың мәдениеті де әсер етеді және тұлғаның дамуындағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Ол тұлғаның тіршілік әрекетінің мынандай маңызды салаларын қалыптастыруға мүмкіндік тузызады: басқа адамдардың ұлтына, діни сеніміне, жасына қарамастан жағымды қарым-қатынас жасау; әрбір адам өмірінің сөзсіз құндылықтарын мойындағы отырып әр түрлі этностардың және мәдениет өкілдерімен сенімді араласу және т.б. [5]

Тұтастай алғанда, Нұрсұлтан Назарбаевтың пікірінше, Қазақстан халқы Ассамблеясы «жаңа идеялар туыннатушы және, сонымен бір уақытта, мемлекеттің ұлттық бірлік саясатының сенімді тірепі болуға тиіс» [4].

Сол себепті, өз құндылықтары мен өмір салты бойынша өзгешеленетін басқа адамға, ұлтқа немесе мәдениетке тәзүшілік қазіргі дүниедегі татулықтың, ұлтаралық келісімнің және үйлестіктің алғышарттарының бірі болып табылады. Қазақстандық, әлемдік қауымдастықтағы тәзүшіліктің артуы саяси, заннамалық, психологиялық және экологиялық мәдениет кемелдігінің өлшеміне, ұлттың үлгілік-өнегелік биіктігінің, оның қоғамдық сана-сезімінің көрсеткішіне айналады.

Осылайша, толыққанды тіршілік қарекеті мен өмір сұру үшін татулық пен келісімге қол жеткізу адамдардың, халықтардың басты зәрулігіне айналған кезде негізгі фактор дәл осы толеранттық болды. Басқалардың өзін танытушылығына тәзүшілікпен қарау – ынтымақтастық пен жалпыадамзаттық қарым-қатынас нәтижелерін арттырып, жақсартатын мәдени норма. Осы себепті, жалпыадамзаттық құбылыс ретіндегі толеранттық қазақстандықтардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін нығайтудың және одан әрі дамытудың аса маңызды факторы болып табылады.

Осылайша, жастарды ұлттық өзіндік сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, жалпыеркениеттік білімдерге тарту мәселесі алға шығады. Студент жастардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті тәрбиесіндегі ұлттық пен жалпыадамзаттықтың бірлігін іске асыру – бұл болашақтың иегері студент-жастардың ұлттық сана-сезімін өзінің ұлттық мәдениеті, тілдік ұлттық ортасы негізінде дамыту; бұл ұлттық мәдениет аясындағы мақсатты бағытталған студенттердің интеллектуалдық, өнегелік, эмоциялық дамуы. Өзінің ұлттық тамырларына деген сүйіспеншілік арқылы қазақстандық басқа халықтардың тарихы мен құндылықтарын, олардың мәдениетін құрметтеуге, халықтардың мәдениетарихи дәстүрлерін, әлеуметтік ортаны зерттеуге, Қазақстан және әлем халықтарының әр түрлі мәдениеттерінің көптүрлілігін, өзара ықпалдастырығын түсінушілікке әкеледі.

Бүгінгі қазақстандықтан саяси-әлеуметтік процестің жалпымемлекеттік, аймақтық, ұлттық-этностық ерекшелігін ескере білу, «халықаралық-бағдарлық санаға» ие ұрпақты, ұлттық, мемлекеттік және ғаламдық құндылықтарды менгерген әлем азаматын, өзінің этностық-мәдени сәйкестігін сақтай

отырып, бөгде мәдениеттерге, өмірлерге ене алатын мәдениет адамын тәрбиелеу үшін аса зор жауапкершілік арқалау талап етіледі.

Бұдан шығатыны, қазақстандықтардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті тәрбиесінің негізін өзара құрмет, сенім, тендік, таңдау еркіндігі және ынтымақтастық принциптерін тұғыр еткен халықтардың өзара қатынастарын гуманизмдендіру идеясы құрайды.

Саясаттанушы Р.Б. Әбсаттаровтың атап көрсеткеніндей: «Қазақстан халықтарының рухани мәдениеті біздің әлеуметтің ғана емес, ол адамзаттың рухани мұрасының бірегей және қайталанбас бөлшегі болып табылады. Сол себепті, үлкен болсын, аз болсын, әрбір халықтың мәдениетіне бірдей қамқор бола білу қажет» [6, 175 б.].

## Әдебиеттер

1. Имагамбетов И. Ассамблея народа Казахстана: статус и возможности // <http://www.assambleja.kz>.
  2. Сарсенбаев Т.С. Культура межнационального общения. - Алматы, 1998.
  3. Сужиков М. Напряженность или гармонизация? /Развитие межнациональных отношений в Казахстане. - Алма-Ата, 1991.
  4. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауы, - Астана, 11 қараша 2014.
  5. Асмолов А.Г. Толерантность: различные парадигмы анализа. Толерантность в общественном сознании России. - М., 1998.
  6. Абсаттаров Р.Б. Национальные процессы: особенности и проблемы. - А., 1995.

ӘОЖ 37.013

Турдина К.С.

Казак инновациялық гуманитарлық-зан университеті, Семей қаласы

## **ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛГІН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРИ**

Қазіргі педагогика ғылымында негізгі базалық ілімдердің бірі «құзыреттілік» болып отырып. Құзыреттілік дегеніміз – тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік, күш-жігердің болуы. Құзыреттілік жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда аман қалуды қамтамасыз етеді және олар бәсекеге қабілетті маманмен қамтамасыздандырады. Көптеген елдерде құзыреттілікке жаңаша мән береді, білімді жогары дәрежеге көтергені мәлім. Құзыреттілік еңбек нарығанда тұрақты өсіп отырған талаптармен, шапшан технологиялық өзгертулермен, соның ішінде білімдік және еңбектегі мобиЛЬДІК өсулермен негізделген. Құзыреттіліктің жеке компонентін анықтай отырып, ол адамның алдына қойған мақсаттарын орындауга көмектесетін сипаты мен икемделігін айтады [1].

Қазіргі таңда қалыптасып қалған білім, білік, дағдыға негізделген білім берудің нәтижелері мен жаңа әлеуметтік-экономикалық қоғам қажеттіктері деңгейі арасындағы қайшылықтар айқын байқалуда. Өйткені, заман талабы педагог мамандардың күзүреттілік сапаларын қоғамның жаңа курсынына сәйкес белгілеп отыр.

Білім – қоғамды әлеуметтік, мәдени үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады. Олай болса, білімге негізделген қоғам құрылышының негізгі басымдықтарын есепке ала отырып, педагог мамандардан аса жоғары кәсіби құзыреттілік талап етіледі.

Еуропалық білім кеңістігінде қоғамға қажеттік, мобильдік, өзара сенім білдірудің ең басты шарты алынып, сапа көрсеткіштері ретінде күзыреттіліктер қарастырылуда.

Құзыреттіліктің заман талабына сай кез келген саланың маманы болуга мүмкіндік беретін басты екі түрі белгіленіп отыр. Олар – «пәндік» және «пәннен жоғары метапәндік» құзыреттіліктер. Атап айтқанда, «пәндік» құзыреттілікке белгілі бір пәнді менгеруге (ұстаздар үшін) немесе белгілі бір саланы менгеруге қажетті білім мен білік жатқызылса, «пәннен жоғары метапәндік» құзыреттілік ретінде адамның өз білімін пайдалану және одан әрі дамытуға бағытталған ақпараттық, коммуникативтік, бірлесе жұмыс жасай алу қабілеттері, өз әрекеттерін басқару дағдылары сияқты қасиеттері жатқызылады.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үрдісінде екі ұғым: құзыреттілік (компетенттілік) және құзырет

(компетенция) ұғымдары пайдаланып келеді. Оның біріншісіне «Қазақ Совет Энциклопедиясының» орысша-қазақша сөздігінде «хабардар, жетік, терең білетін» деп, ал екіншісіне «хабардарлық, міндет, қызмет бабы» деп анықтама берілген. Құзыреттілік түсінігі көп аспектілі жан-жақты ұғымды білдіреді.

Ғалымдар құзыреттіліктің табиғатын түсіндіру мақсатында оны білім, білік ұғымдары арқылы анықталатын тұлғаның жеке қасиеті немесе ерекше қабілеті деп түсіндіреді.

Өмірдің өзгермелі жағдайында құзыретті тұрғы білім берудің практикасы мен теориясының дәстүрлі мақсаты ретінде алға шығады. Құзыретті болу мен құзыретсіз болудың себептері бірдей, ол адамның жеке тұлға ретінде ахуалы. Немесе құзыреттіліктің бар-жоғын анықтау үшін қарым-қатынас, педагогтік еңбек нәтижелері мен адами қарым-қатынаста, оның қорытындыларына қарап пайымдау қажет. Мұның мағынасы педагог мамандар өз әрекеті мен орындаған жұмысы қасиби іс-әрекеттің белгіленген талаптарына жауап беретін және орынданай алатын болса, қасиби құзыретті болып саналады. Н.Г. Милорадованаң айтуынша білім беру жүйесінде құзыреттілікті тудыратын төрт негіз бар (бірінші – қасиби-әдістемелік құзыреттілік, екінші – іс-әрекет негізіндегі құзыреттілік, үшінші – әлеуметтік қарым-қатынас құзыреттілігі және төртінші – жеке тұлға негізіндегі құзыреттіліктер) сыншыл ойлауды, рефлексияны, өз позициясын анықтау қабілеттілігін, өздігінен бағалайтын ойдың дамуын және өмір бойы үйрену қабілеттілігін талап ететіні анық.

Мұғалім – ақпараттанушы емес, окушының жекетұлғалық және интеллектуальды дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен жоғары құзырлылықты, үйимдастыруышылық қабілеттілікі, окушыларды қазіргі қоғамның түбебейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді. Қазіргі кезеңде болашақ маманның қасиби құзыреттілігінің даму үрдісіндегі мазмұны мен құрылымы анықталды.

Құзыреттілік – қасиби маман даярлаудың басты сапасы екенін әрдайым есте сактаған жөн. Өйткені елеміздің саяси-экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай өзінің алдындағы үлкен жауапкершілікті сезініп, өз ісінің шебері, бәсекеге қабылетті, кең ауқымды, жан-жанты дамыған маман дайындауға үмтүлу - қасиби білігі мол педагогты қажет ететін заман талабы екенін тағы да жүргегінде жазып алуы керектігін талап етеді.

«Құзыреттілік» түсінігі білім беру саласында 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиетінде, ал 1980 жылдарда отандық әдебиеттерде кездесті. Қасиби құзыреттілік - жете білушілік ұғымын енгізуіндегі қажеттілігін, оның мазмұнының кеңдігімен, интерактивтік сипатымен, «кәсіптілік», «біліктілік», «кәсіби мүмкіндіктер» деген түсініктерді білдіреді. Педагогтың құзыреттілігі 1-ши орынға ақпараттық сауаттылығын, мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Құзыретті педагогтан өз ісінен шеберлікті, жақсы оқытушы болу үшін мамандығына қажетті қабылеттіліктерді және жалпы әлемдік мәдениетті сонымен қатар өз елінің мәдениетін, интегралды үдерістерді менгерген, әлемдік білім кеңестігінің өресінен шыға алатын талпынысы жоғары, шыгармашыл болуы керектігін талап етеді.

Педагог қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз тәрбиелеп отыратын, ортамен, адамдармен, студенттермен қарым-қатынаска тез түс алатын, үйимдастыру қабылеті жоғары тәжрибесі мол және тағы басқа қасиеттерді жинақтағандаға оның бойынан қасиби құзыреттілікті анық байқауға болады. Сондықтан осындай міндеттерді орындаі алатын құзырлы педагогтың алдында теориялық біліммен қаруланған, адамдармен қарым-қатынас мәдениетін менгерген, бәсекеге қабылетті құзыретті мана даярлау міндеті жүктеліп отыр.

Қазақстанның әлеуметті-экономикалық даму мақсатын жүзеге асыруда кәсіптік білім беретін оқу орындарында бәсекелестікке қабілеті бар болашақ мамандарға әртүрлі өндірістік салаларға даярлау деңгейі білім беру жағдайларымен анықталады. Қазіргі танда жан-жақты маман даярлау олардың әлеуметтік, кәсіптік, өздік жұмыс жасай алу қабілеттерін дамытумен белгіленеді [2]. Себебі, әлеуметтік сала экономикасын дамыту осы болашақ мамандардан тәмендегідей шарттардың орындалуын талап етеді:

- жүйелі ойлауды;
- құқықтық ақпараттық мәдениетті;
- кәсіпкерлік мәдениетті;
- өзін-өзі тануды;
- басқаларға ұсынуды;
- өз қызметін білімді талдауды;
- жаңа білімді;
- нано технологияларды менгеруді;
- кейбір өндірістік жағдайларда өз бетімен дұрыс шешім қабылдауды;

- бәсекелестікті және өмір талаптарына сай қызмет етуді;
- әр іске жауапкершілікпен қарауды;
- нәтижеге бағытталған істерді жасауды.

Осыған орай, біздің – мамандықтар бойнша арнайы пәндер арқылы білім беру мемлекеттік білім стандарттары негізінде құрылған типтік жұмыстар бағдарламалары, оның негізінде дайындалған оқу, жұмыс бағдарламалары, тақырыптық – күнтізбелік жоспарлар, оқу-әдістемелік кешендер, электрондық оқулықтар, жана ақпараттық-технологиялар, тірек-сызба, сын тұрғысынан ойлау, рефлексия әдістері қолданылып келеді. Мұның барлығы маман моделінің нарықтық экономикада қажеттілігін тұрғызуға бағытталуы негізделеді. Себебі, соңғы кезде білім саласында біліктілік моделінің құзыреттілік моделіне ауытқуы көп қарастырылып келеді, яғни жұмыс берушіні қоғамдағы біліктілік емес, құқық, ақпарат, әлеуметтік сала жағынан құзыретті мамандар қазықтырады. Бірақ, біліктілікке қосымша құзыреттілік бірге жүрген жағдайда маман моделі жүйелі әрі сапалы болады. Осыған орай мамандардың негізгі, жалпы кәсіптік, арнаулы құзыреттілік деп топтарға бөлінгенін қарастысақ олар:

Негізгі құзыреттілік – сала ерекшеліктеріне қарамастан барлық мамандар бойынан табылу керек деп қарастырылған, себебі құзыреттілік маман біліктілігінің негізін құрайды, соның ішінде:

- а) ақпараттық;
- б) коммуникативтік;
- в) әлеуметтік.

Жалпы кәсіптік құзыреттілік - әр сала манының кәсіби мазмұнына сай қарастырылған.

Құзыретті маман даярлау мақсатында «білім алушылардың білімдік белсенділігін арттыру технологиясын» пайлана отырып, бұл оқыту технологиясы бойынша білім беру мақсаты студенттерге өндірістік ситуациялар беру арқылы өз бетінше жұмыс жасау қабылеттін, дұрыс шешім қабылдау мүмкіндігін қалыптастыру арқылы бәсекеге қабылдатті маман ретінде дамуына қомектесу.

Ақпаратты, коммуникативті, әлеуметті-құқықтық құзыреттер педагогтан ақпараттық технологияларды қолдана алу (мультименеджмент, смартмедиа, электрондық пошта, интернет) мүмкіндіктерін, бұған қоса студент пен педагог арасындағы байланысын, бірін-бірі түсінуін, топпен жұмыс жасауын, үйымдастыру басқару шешімдерін дұрыс таба алуын, қолдану қабылдаттерінің басым болуын, әлеуметтік қызметтердің маңызын түсінуін, қоғамдық міндеттерге тұрықты қарауын талап етеді.

Сонымен қатар, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» Жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» - деп атап көрсетуі педагогикалық үдерістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап ететіндігін көрсетеді [3]. Демек, білім менгертудің тиімді жолдарын, әдіс-тәсілдерін талмай іздеу – әр педагогтың міндеті. Әрбір педагог жұмыс тасілі мен формасын, өз педагогикалық технологиясын таңдай отырып, білім алушылардың білімін жетілдіру бағытында жұмыс істеуі керек. Осыған байланысты әр түрлі әдістерді, ақпараттық технологияларды колданудың қажеттілігі туындаиды.

Жаңа ақпараттық технологияны менгеруде зияткерлік кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу үдерісін тиімді үйымдастыруына қомектеседі. Елімізде болып жатқан өзгерістер білім беру жүйесіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзben бағалай отырып саралауды, студенттердің шығармашылық әлеуметтін дамытуды, педагогтың іс-әрекетінің жаңаша тұрғыда үйымдастырылуын талап етеді.

Бүгінгі заманға жаңашыл, жан-жакты дамыған, бәсекеге қабілетті маман даярлауда педагог-үстаздың ақпараттық-технологияларды тиімді әрі жүйелі қолдануы арқылы, оқыту үдерісіндегі өзекті мәселелерді шеше алады. «Нағыз оқытушы» - деп, білім алушылардың ойы мен жүргегіне жол тапқан үстазды айтамыз. Бүгінде кәсіптік-техникалық мамандықтарға сұранысты өтеу – кәсіптік білім беру үйымдарының педагогтарының аса маңызды міндеті болып отыр [4]. Студенттерді замануи ғылым жетістіктерімен қаруландырып, өндіріске, өнеркәсіпке жаппай аттандыру кезек күттірмейтін мәселе. Жаңа заманға жаңа маман қажет екендігі баршага мәлім, соның ішінде ол педагог алдына қойылған, жүктелген – міндет екенин ескере отырып, кәсіптік білім беру үйымдарында енбек етіп жүрген озімде арнайы пәндерді оқытуда алға қойып, ақпараттық технологияны ұдайы қолданып студенттердің білімін көтеруге жұмыстанудамын. Ақпараттық технологияны қолдана оқыту- білімнің жүйелілігін, бірізділігін жолға қоюға, нәтижеге бағытталуын жетілдіруге жетелейді. Білім ордасында студенттер арнайы пәннің өздеріне керек және маңызды екенин сезінуі керек. Ақпараттық технологиялық үдерісі – білім беру жүйесін жаңарту және дамыту

ғана емес, Қазақстанның өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңындағы жаңа қоғамның, жаңа әлемнің жаңашыл оқытушысы қажеттілігінен туындаған үдеріс. Құзыреттілі, білім беру жағдайындағы ақпараттық технологиялық идеялардың, деректер мен тұжырымдардың, теория мен тәжірибелің сапалық өзгерістерін қамтамасыз ететін үдеріс.

### **Әдебиеттер**

1. Караковский В.А. Воспитательная система школы: педагогические идеи и опыт формирования. – М., 1992.
2. Общечеловеческие ценности // Электронный ресурс. – Режим доступа: <http://www.rae.ru/monographs / 97-3260>
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында сөйлеген сөзі «Қазақстан-2050» стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр / Егемен Қазақстан, 2013. – 25 сәуір.
4. Ауталирова У.И., Касымова Г.М., Шеръязданова Х.Т. Введение в предмет «Самопознание»: Учебное пособие /Составители:– Алматы, 2006. – 181 с.

УДК 342.147.1

**Паршина А.В., Семизбаева О.Г.**  
КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 9», г. Семей

## **ФОРМИРОВАНИЕ ОРФОГРАФИЧЕСКОЙ ЗОРКОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ**

Важнейшая роль в реализации целей и задач, стоящих перед начальной школой , принадлежит изучению родного языка.

В современной школе главнейшая задача обучения русскому языку младших школьников – формирование орфографической зоркости. Она является одной из составных частей общей языковой культуры, обеспечивая точность выражения мысли и взаимопонимания в письменном общении.

Одной из причин недостаточно высокой орфографической грамотности младших школьников является несформированность их орфографической зоркости, т.е. неумение видеть орфограммы.

Орфографическая зоркость – умение быстро обнаруживать в тексте, в словах и их сочетаниях, которые предназначены для записи или уже записаны, орфограммы, а также быстро определить их типы. Отсутствие орфографической зоркости или ее слабая развитость является одной из главных причин допускаемых учащимися ошибок. Орфографическая зоркость опирается и на запоминание буквенного состава слов, что вырабатывается с помощью зрительных диктантов, разных видов списывания. Зоркость требует развитого внимания: школьник должен видеть все буквы в слове. Орфографическая зоркость развивается постепенно, в процессе выполнения разнообразных упражнений, обеспечивающих зрительное, слуховое, артикуляционное, моторное восприятие и запоминание орфографического материала.

С первого класса необходимо начинать работу по обучению учащихся решению орфографических задач, при решении которых у детей вырабатывается умение находить, видеть орфограмму в слове, определять её характер (тип орфограммы) и находить путь решения орфографической задачи. Если у ребенка отсутствует выше названные навыки, то, даже зная правила наизусть, он не применяет его там, где это необходимо, что влечет за собой орфографические ошибки.

Важно все изученные ребенком орфографические правила объединить в его сознании более или менее в определенные группы, в соответствии с логикой языка, с законами самой русской орфографии. Профессор М.Р.Львов выделяет шесть этапов, которые должен пройти ученик для решения орфографической задачи.

1. Увидеть орфограмму в слове.
2. Определить вид: проверяемая или нет; если да, к какой теме относится, вспомнить правило.
3. Определить способ решения задачи в зависимости от типа (вида) орфограммы.
4. Определить «шаги», ступени решения и их последовательность, т.е. составить алгоритм задачи.
5. Решить задачу, т.е. выполнить последовательные действия по алгоритму.
6. Написать слова в соответствии с решением задачи и сделать самопроверку.

На уроках русского языка в начальной школе для развития орфографической зоркости применяется несколько методик. Назовем некоторые:

- 1) письмо под диктовку;
- 2) определение орфограмм на слух и выделение их в тексте;
- 3) списывание текста и выделение орфограммы;
- 4) исправление деформированного текста (текста с ошибками);
- 5) письмо текста с допуском ошибок в местах орфограмм;
- 6) классификация слов в соответствии с орфограммами;
- 7) выбор слов с текста с заданной орфограммой;
- 8) постановка пропущенных букв места орфограмм;
- 9) орфографическое чтение;
- 10) диктант с постукиванием;
- 11) какографические упражнения;
- 12) списывание с предварительной подготовкой;
- 13) работа с орфографическим словарем.

Отдельно стоит отметить работу по специально – организованному списыванию текста.

Во время обучающего диктанта, творческой работы (изложения, сочинения) учащимся дано право пропускать орфограммы, которые вызывают сомнения. При этом они карандашом делают пометки на полях в виде вопроса на той строке, где допущен пропуск. Учитель в ходе работы помогает разрешить эти вопросы. Такой пропуск способствует становлению орфографической зоркости у ученика, помогает внимательно относиться к слову, учит детей сомневаться, чего обычно не хватает ученикам.

Специально организованное списывание, как и письмо с пропуском букв – эффективный прием формирования орфографической зоркости.

Систематическая работа, использование различных методик с приемами формирования орфографической зоркости дает положительные следующие результаты:

- учащиеся лучше усваивают основные виды орфограмм;
- уменьшается количество ошибок в диктантах;
- возрастает интерес детей к орфографии русского языка;
- повышается качество знаний учащихся.

Целенаправленная, систематическая работа по формированию орфографической зоркости дает хорошие результаты. Дети усваивают основные орфограммы, учатся определять место в слове, где возникают орфографические трудности. Вся эта работа помогает умственному развитию детей, развивает память, наблюдательность, зоркость, учит детей анализировать и синтезировать. Русский язык для большинства становится любимым предметом. И это немаловажно, дети начинают относиться к урокам русского языка с большим интересом. Но данная работа должна вестись систематически на каждом уроке русского языка как в начальной школе, так в дальнейшем среднем и старшем звене школы.

**Сатбалдинова А.С., Рazaева А.М.  
«№12 «Ажар» «ясли – бақшасы», Семей қ.**

## **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙИНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҮШТІЛДІК ЗАМАН ТАЛАБЫ**

«Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілді де: қазақ тілін – мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін – жаһандық экономикага нәтижелі өтудің көмекші тілі ретінде еркін менгерген ел болып танылуы керек».

«Мемлекеттік тілді үйрету балабакшадан басталуы тиіс. Бұл заман талабы».

Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан»

«Елбасының «Үш тұғырлы тіл» жобасы ел болашағын баянды етуден туған, алысты көздеңген мақсат. «Үш тұғырлы тіл» – қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар қойып, жарыстыру емес. Керісінше, бұл әр тілді өзіне лайықты орнымен қажетіне қарай лайықты пайдалану деген сөз. Мұнда мемлекеттік тілдің орны тіпті бөлек. Оған ешкімнің таласы жоқ. Үш тұғырлы тіл жобасын желеу етіп, мемлекеттік тілді ығыстыру мүлде дұрыс емес»-дейді. Осы сөздерді ойға түйгөн біз балабакшадағы жас сәбілердің тәрбиесіне үш тілділікті барынша кірістіруді болашақ алдындағы міндеттім деп білемін. Себебі еліміздің ертеңі болып саналатын жас ұрпақты дұрыс бағытта тәрбиелеп, олардың бойына бар жақсылықты сіңіру балабакшадан басталатыны бәрімізге мәлім.

Елбасы қазақ тілі мемлекеттік тіл тұрғысынан басымдыққа ие екенін ашып көрсетіп, мемлекеттік жұмыс қазақ тілінде жүретінін баса айтты. Бұл – осынау маңызды мәселеге жалпы қоғамның дамуы үрдісінен, өз еліміздің одан әрі байыпты дамуы тұрғысынан да тіл мәселесіне, түтпеп келгенде, дұрыс бага беріліп отырганының дәлелі.

Орыс тілін білу – тарихи артықшылығымыз. Орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алғып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымындары мен араласатын орталарын кеңейтіп жатыр. Ағылшын тілін меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Еліміздің тәуелсіздігінің нышаны. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде, яғни қазақ тілі – болашақтың тілі. Өзге ұлт өкілдерінің тілдерін оқып-білуге, үйренуге жағдай жасау арқылы әр тілдің өзіндік ерекшелігін білеміз, салт-дәстүрімен таныс боламыз.

Ұлы Абай атамыз «балага міnez үш алуан адамнан жұғады, бірінші ата-анасынан, екінші ұстазынан, үшінші құрбысынан»-деген екен. Әрбір қазақ баласы өз отбасында ана тілінде сөйлеуге дағдыланса, одан тәлім-тәрбие алатын бала да үйренеді емес пе. Сондықтан, баланың өз ана тілінде еркін сөйлеп, ойын анық жеткізуі осы кезден бастап қолға алсақ, оның болашақ өміріне қажетті дағдылардың бастамасына жол ашқанымыз.

Ағылшын тілі – әлемдік бизнес тілі, мемлекеттік тіл – ұлт тілі. Мемлекеттік тілде сөйлеу – әрбір Қазақстан азаматының борышы. Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу – ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түсken әлемдік деңгейде өз орнын ала бастаған Қазақстан үшін аса маңызды.

Тіл мәселесі адам, қоғам өміріндегі ерекше орны бар аса күрделі де маңызды құбылыс.

Мемлекеттік тілді, шетел тілін білмей, дүниежүзілік экономика кеңестігін, білім, ақпарат көздерін жете менгеруге қол жеткізе алмаймыз. Сондай-ақ жаңа технологияны жете менгермей, тілдерді де игеру жедел әрі тиімді бола қоймайды. Қазіргі жалпы білім беретін мекемелердің көпшілігінде сабак жаңа технологияны іске асыру арқылы, оның механизмдерін тілді менгеруде дұрыс қолдану арқылы өтеді. Бұл – тіл мамандарының ізденісі, дегенмен әлі де болса, бұл бағытты жетілдіру қажет екендігі сөзсіз.

Осы мақсатта, «Ажар» балабақшасында КМҚК 2017-2018 оку жылында «Қарлығаш» ортаңғы ағылшын тілінде оқытылатын эксприменттік топ болып ашылды «Үштілділік – мектеп жасына дейінгі балаларға ерте жастан бастап жан-жақты мәдениетті тәрбие беру құралы» тақырыбындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламасы бойынша жұмыс жасай бастады.. Тәрбиешілердің күнделікті ұйымдастырылған оку қызметі, ертеңгіліктер үштілде өтеді. Үштілдік -ойын ретінде болғандықтан балаларға өте қызықты болады. Балалар келесі оку қызметін асыра күтеді. Үштілдік оку қызметі балалардың ой-өрісін, қиялдарын, сөздік қорларын, тапқырлықты, ізденімпаздықты, зейінділіктерін дамытады. Ойын түрлері көп, соның ішінде үштілдік оку қызметінді мынадай ойын түрлері қолданады: ойын-жаттығу, сергіту-оыйндары, дидактикалық мақсаттагы ойындар, сөздік ойындар және ағылшын тілінде тактактар, жұмбақтар, музика сабактарында ағылшын тілі мамандарының көмегімен өлеңдер жаттауда. Осы ойындар балалардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуда үлесі зор болып табылады.

Қорыта айтқанда, қазақ, орыс, ағылшын тілін менгеру балаларға мектепте оқығанда, келешекте бәсекеге қабылетті маман ретінде жақсы табыстарға қол жеткізу үшін ықпалды және іскер адамдармен қарым-қатынас орната алу, қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажет. Сондықтан, өмір тәжірибесі өзі көрсетіп отыргандай, басқа тілді менгеру кез келген тұлғаның биіктен көрінуіне шексіз мүмкіндіктер берері сөзсіз деп ойлаймын.

Өзекті мәселелерді жүзеге асыру үшін басты мақсатымызды анықтап алдық. Ол – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде үш тілде білім менгерген, көптілді коммуникативтік құзырлылықтары қалыптасқан, көп мәдениетті, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

«Тілі бірдің – тілегі бір», «Тіл тағдыры – ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі – тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз. Ендеше жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығулары мен үмтүлістыарын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббаттарын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәнгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу – басты міндеттіміз.

Үш тілде оқыту заман талабы. Үштілділік – Қазақстан жастарының парасатты әлеуметінің даму факторы.

Қорыта айтатын болсак, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді менгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл окушылардың халықаралық жобаларға қатысуын

кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дұниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүтінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен үштастырган сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Біздің мақсатымыз – тілдердің үштүгірлігі идеясын әрбір бұлдіршінің жүргегіне ұялату.

### Әдебиеттер

1. Үш тілдегі дидактикалық ойындар жинағы. Әдістемелік құрал. Астана.
2. Кадыргалиева С.И. Есбергенова Г. Мектепке дейінгі балаларды ағылшын тіліне оқыту. Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
3. Верещагина И.Н., Рогова Г.В. «Методика обучения английскому языку на начальном этапе в общеобразовательных учреждениях»
4. English. Play and Learn
5. Нұрғаева Г. Ойын сабақ // Бастауыш мектеп
6. Витлин Ж.Л. Эволюция методов обучения иностранному языку в XX веке /Ж.Л. Витлин // Иностр. языки в школе
7. Зимняя И.А., Сахарова Т.Е. Проектная методика обучения английскому языку / И.А. Зимняя, Т.Е. Сахарова // Иностр. языки в школе
8. Мектептегі шет тілі журнал №1
9. Құлжанова Н. Ойын мақсатын талдау және ойын мәні// Қазақстан мектебі
10. Ахметов Н.К., Хайдаров Н.Ж. Игра как процесс обучения
11. Қасенова. Д. А. Шетел тілін оқыту әдістемесінде коммуникативтік біліктілікті қалыптастырудың артықшылықтары мен принциптері. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал «Мектептегі шет тілі»
12. Конышева А. В. Английский для малышей
13. Коти Т.Ю. Английская азбука
14. Вронская И. В. Английский язык в детском саду
15. Биболетова М.З. и др. “Enjo English-1”
16. Журнал «Иностранные языки в школе»

УДК: 371.13

**Мұратов С.А, Әшімханова К.Қ, Орынбасарова Д.Е**

Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

### КӨПТІЛДІЛІК –ЗИЯТКЕР ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Озге ұлттың тілін, дәстүрін білмей оның жаңын, арманын түсінү, сеніміне, құрметіне боленіу мүмкін емес. Өз тілінің сұлулығын сезінбей, өзге тілдің сұлулығын сезіну екі талай

*Бауыржан Момышұлы*

